

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Аққулы ауданы білім беру бөлімінің
«Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Өзін-өзі аттестаттау қорытындысының
құжаттары

2025-2026 оқу жылы

Павлодар облысы білім беру басқармасы,
Аққулы ауданы білім беру бөлімінің
«Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі
бағалауының қорытынды
А Н Ы Қ Т А М А С Ы

Бақылау түрі: Өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1.	Осумханова Балжан Молдағалиевна	мектеп директоры - комиссия төрағасы;
2.	Шайдолда Жанар	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия төрағасының орынбасары;
3.	Жомартова Балжан Жакаевна	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
4.	Толегенова Данагуль Бекетовна	бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі – комиссия мүшесі;
5.	Қамзабай Ақгүл Еркебұланқызы	қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің жетекшісі – комиссия мүшесі;
6.	Абденбаева Жузим Ерлановна	математикалық-жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі – комиссия мүшесі;
7.	Абуова Диана Сериковна	МАД тәрбиешісі – комиссия мүшесі;
8.	Карабашаева Динара Фларитовна	шағын орталық тәрбиешісі - комиссия мүшесі;
9.	Сыздыкова Алмагуль Танирбергеновна	шаруашылық ісінің меңгерушісі – комиссия мүшесі;
10.	Сыздыкова Гульзия Турганбаевна	шаруашылық ісінің меңгерушісі – комиссия мүшесі;
11.	Нурахметова Акжаркын Алматовна	мектеп психологі – комиссия мүшесі.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;

оқыту және білім беру;

білікті қызметкерлердің болуы;

қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;

білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру мекемесінің толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

БСН 980940002010 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылғы 12 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 09 қыркүйек 1998 жыл.

Заңды мекен-жайы: 140705, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Аққулы ауданы, Қазантай ауылы, Еңбекші көшесі, 6-ғимарат.

Электрондық мекен-жайы: kazantai_mektep@mail.ru

Интернеттегі ресми сайт: <http://lebroo.gov.kz/admpg>

Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар:

https://www.instagram.com/qazantai_mektebi?igsh=MjNjeHhnd2YwM3lk

Телефон, факс: 8(71839) 42139

Мекеменің техникалық паспорты 2022 жылы 19 шілдеде жасалған. Бір қабатты, құрылыс ауданы – 613,1, ғимараттың ауқымы-1962, жалпы ауданы – 526,8, салынған жылы - 1982 жыл (*көшірме қосымша ұсынылады*).

«Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ басқару органы - Павлодар облысының білім басқармасы.

«Лебяжі ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2011 жылғы 12 сәуіріндегі № 0290656 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1,6029 га) кадастрлық номері: 14-209-089-101 (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мекеменің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 13 ақпан 2021 жылғы №KZ15LAA00023502

Мекеменің қаржы-экономикалық жағы жеке жүргізіледі. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ

«Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ-нің мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Осумханова Балжан Молдағалиевна 2004 жылғы 09 тамызындағы Лебяжі ауданы білім беру бөлімінің №2-17/71 бұйрығымен мекеменің директоры қызметіне тағайындалды. 2021 жылғы 11 қаңтардағы Аққулы ауданы білім беру бөлімінің № 17 бұйрығымен қайта тағайындалды.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 2-тарауының 2-тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзін бағалауды жүргізді.


Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйым қызметінің
кадрлық құрамына талдау

Білім сапасы педагогтардың сапалық құрамына байланысты анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жасаудың барлық нормативтік құжаттары толық, кадрлар құрамы бойынша бұйрықтар кітабы уақытымен толтырылған, жеке еңбек шарттары жасалынған, мұғалімдердің жеке іс-қағаздары, аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары, мұғалімдердің курстан өтуінің перспективалық жоспары жасалынған. Кадрлар бойынша барлық есептер уақытында жасалып келеді.

Педагог кадрлардың құрамы «ҚР жалпы білім беру ұйымдарында қызметін ұйымдастыру тәртібі» туралы ережеге сәйкес, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға, педагогикалық шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді. Штаттық кестеге сәйкес мектеп педагогтармен қамтамасыз етілген. Мектепте 17 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде жоғары білімді мұғалімдердің үлесі 94%.

Мұғалімдердің 3 жылдық білім деңгейінің көрсеткіші

Оқу жылы	2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы		2025-2026 оқу жылы	
	мұғалім	%	мұғалім	%	мұғалім	%
Мұғалімдер саны	15	100	17	100	17	100
Жоғары білім	14	94	16	94	16	94
Арнаулы орта	1	6	1	6	1	6



Салыстырмалы анализ мектептегі мұғалімдердің білім деңгейі мен сапалық құрамы тұрақты деңгейде.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтерің жалпы санынан үлесі.

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	%
2023-2024	4	0	2	1	1	50
2024-2025	4	0	2	2	0	50
2025-2026	4	1	1	1	1	50

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан педагог-сарапшы, педагог-зерттеушінің жалпы санынан үлесі 3 жылда өсу байқалуда. 2024-2025 оқу жылында Шайдолда Ж педагог-зерттеуші санатын алды. 2025-2026 оқу жылында Толегенова Д.Б педагог-модератор санатын педагог-сарапшы санатына, Ахметова С.С педагог – сарапшы санатын педагог – зерттеуші санатына көтеруді жоспарлауда.

Бастауыш білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі - 50%-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі:

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	%
2023-2024	12	3	1	4	4	28,57
2024-2025	14	2	2	7	3	28,57
2025-2026	14	3	1	7	3	28,57

Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі жылдан жылға өсіп келетіні байқалады:

5-9 сыныптар негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде барлығы – 14 педагог сабақ береді, оның ішінде 3-і педагог-зерттеуші (Осумханова Б.М, Абсолямов А.В, Айгожина Ж.М), 1-і педагог-сарапшы (Ахметова С.С), 7-уі педагог-модератор (Жомартова Б.Ж, Малдыбаев Ж.З, Аубакирова Т.С, Дукенбаев С.А, Қамзабай А.Е, Нұрдәулет Ж, Молдабаева А.Ж,), 3-уі педагог (Абденбаева Ж.Е, Байсал Ж.О, Бақытжан А.М). Негізгі орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі – 28,57 %-ды құрайды.

Басшы, басшы орынбасарларының біліктілік санаттары бойынша

№	ТАӘ	Лауазымы	Лауазымы бойынша еңбек өтілі	Біліктілік санаты
1	Осумханова Балжан Молдағалиевна	Мектеп директоры	33 жыл	2 санатты
2	Шайдолда Жанар	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	14 жыл	2 санатты
3	Жомартова Балжан Жакаевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	22 жыл	2025-2026 оқу жылында III санатқа тапсырады

Педагог кадрларды аттестаттау үдерісін жүргізу бойынша жоспар құрылып, педагог кадрларды аттестаттау жоспар бойынша жүргізіледі. Жылда аттестациялық комиссия отырысының хаттамасы жазылып, бұйрықтары шығарылып, тіркеу журналына тіркеліп, біліктілік куәліктері беріледі. Мұғалімдердің жеке іс-қағаздарына аттестаттау бұйрығы мен куәліктерінің көшірмесі салынған. Мектептегі педагог кадрларды аттестаттау анализі олардың шығармашылық жұмысының өскенін, жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді.

Мектептегі кадрлармен жұмыстың негізгі мақсаты - мұғалімдер ұжымының сандық және сапалық құрамына талдау жасау, мұғалімдердің санатын және шеберліктерін көтеруге жағдай жасау, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық жағдайды арттыру, кадрлардың ағымын қадағалау.

Кадрлармен жұмысты мақсатты және жүйелі ұйымдастыру мектептегі кадр мәселесін шеше білді. Нәтижесінде ұжымда жағымды психологиялық жағдай қалыптасқан, бұл педагогтардың жайлы жағдайда жұмыс жасаудағы шығармашылығының көрінісі.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында комиссия мүшелері әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда мектеп жұмыстың түрлі формаларын қолданатындығы анықталды. Атап айтқанда, тақырыптық педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, мұғалімдердің өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша жұмыстары, пән апталықтары, сонымен қатар сабақтар, семинарларды өткізу және ұйымдастыруда, ата-аналармен, оқушылармен жеке әңгіме жүргізу барысында мұғалімге қажетті әдістемелік нұсқаулықтардың әзірлемелері дайындалады.

Комиссия мүшелері мектеп жұмысы жоспарының орындалуын тексеріп, педагогикалық кеңес отырыстары, практикалық семинарлар және кадрларды аттестаттау жұмысы мектептің перспективті жоспарымен сәйкес келетіндігін анықтады.

Педагогикалық кеңес хаттамалары тақырыпқа сәйкес, олардың өткізілу саны нормативтік талаптарға сай. Педкеңес шешімдері тіркеледі, олардың орындалуы мектеп әкімшілігімен бақыланады. Білім қызметкерлерінің кәсіби және үздіксіз дамуы, олардың білім берудің инновациялық технологияларын қолдану барысында озық дайындығы білім сапасын көтерудің басты шарты болып табылады.

Педагогикалық ұжымның біліктілігін жетілдіру бойынша мәлімет.

Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуі мектеп әкімшілігінің негізгі міндеттерінің бірі, мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсету, мектепшілік әдістемелік жұмысты жүйелі жүргізу арқылы санатын көтеру және білімін жетілдіру курстарына жіберу арқылы мұғалімдердің санатын көтеру болып табылады. Осы мақсатта Павлодар қаласының жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Курстық даярлықтан өткізу білім жүйесінің дамуының басым бағыттары мектептің жылдық жоспарына сәйкес, сондай-ақ "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Павлодар филиалы мен ПШО білім жетілдіру курстарына сәйкес мектеп ұжымында барлық мұғалімдер оқу-тәрбие үдерісінде бірегей жұмыс жасау үшін курстық даярлықтан өткен.

Басшы кадрлардың біліктіліктілігін арттыру туралы мәлімет

№	ТАӨ	Лауазымы	Курс атауы	Оқыған ұйымның атауы, оқыған уақыты
1	Осумханова Балжан Молдағалиевна	Мектеп директоры	«Білім берудегі менеджмент»	Өрлеу 22.09.2025 - 03.10.2025
2	Шайдолда Жанар	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент»	Өрлеу 15.02.2021 - 26.02.2021
3	Жомартова Балжан Жакаевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	«Тәрбие жұмысының менеджменті»	Өрлеу 04.08.2025 – 15.08.2025

1 басшы, 2 басшы орынбасары біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Басшылардың біліктілік арттыру курстарынан өту үлесі – 100%.

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер үлесі

Оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
	Мұғалім саны-4	Мұғалім саны -6	Мұғалім саны-8
«Өрлеу» БАҰО АҚ	4	3	2
«НЗМ» ДББҰ ПШО	-	1	-
Басқа мекеме	-	2	6

2023-2024 оқу жылында «Өрлеу» БАҰО – да орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Осумханова Б.М «Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы Я2», шет тілі пәні мұғалімі Сеилхан Г.М «Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар», бастауыш сынып мұғалімі Толегенова Д.Б «Бастауыш мектепке құндылыққа бағдарланған тәсілдерді жүзеге асыру»,

информатика және математика пәні мұғалімі Абденбаева Ж.Е «Математика және информатика пәндері бойынша шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2024-2025 оқу жылында 11 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. «Өрлеу» БАҰО – да Жомартова Б.Ж «Тарих және құқық негіздері: оқытудағы жаңа технологиялар», көркем еңбек пәні мұғалімдері Аубакирова Т.С, Малдыбаев Ж.З «Повышение профессиональной компетентности педагогов в сфере дизайна и художественного моделирования», НЗМ – де бастауыш сынып мұғалімі Камбарова А.Б, «Зерделі» ақыл – ой дамыту мектебінде бастауыш сынып мұғалімі Ахметова С.С «Бастауыш мектепте олимпиадалық және логикалық есептерді шешу», дене шынықтыру пәні мұғалімі Дукенбаев С.А «Ұлттық ғылыми – практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК орталығында «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2025-2026 оқу жылында «Өрлеу» БАҰО – да «Білім берудегі менеджмент» тақырыбында мектеп директоры Осумханова Б.М, биология пәні мұғалімі Аубакирова Т.С, «Дарын Ұстаз» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығында тарих пәні мұғалімі Қамзабай А.Е, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нұрдәулет Ж, шет тілі пәні мұғалімі Молдабаева А.Ж, география пәні мұғалімі Жомартова Б.Ж, мектеп әкімшілігі ЕББҚ бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс жіберілді, кезең бойынша мұғалімдер курсқа уақытында жіберіледі.

Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан қазіргі таңда өткен педагогтердің үлесі - 100%.

Білім беру ұйымдары сыныптарының толықтырылуы.

Мектеп бойынша 3 жылғы салыстырмалы сыныптар контингенті төмендегідей:

Білім беру ұйымдары сыныптарының толықтырылуы.

Мектеп бойынша 3 жылға салыстырмалы сыныптар контингенті төмендегідей:

Оқу-тәрбие үдерісі 2 аусымда ұйымдастырылған. Оқыту тілі –қазақ тілі.

Оқушылар саны – 30, оның ішінде :

1-4 сыныптарда – 13 оқушы

(1-сыныпта 1 бала , үйден оқытылады)

5-9 сыныптарда – 17 оқушы

Сынып жиынтық :

1-4 сыныптар – 3

5-9 сыныптар – 4

Оқушылардың жалпы саны	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жыл
Жыл басындағы	29	31	30
Жыл барысында келгендер	0	0	
Жыл барысында кеткендер	0	1 (Теміртас Дарина Ермұратқызы)	
Жыл аяғындағы оқушылардың саны	29	30	

2022-2023 оқу жылының басындағы оқушы контингенті 29 оқушыны құраса, бүгінгі таңда 30 оқушыны құрауда. 2024-2025 о.ж. басында бір оқушы отбасылық жағдайға байланысты басқа мектепке ауысты.

Барлық мектеп жасындағы оқушылардың міндетті орта біліммен қамтылуы әкімшілік тарапынан бақылауда тұрады. 10 күннен астам себепсіз сабақ босататын оқушылар жоқ. Оқушыларды жалпы оқумен қамту директор жанындағы жиында, әкімшілік отырыстарда жүйелі түрде қаралады.

Мектеп құжаттары нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Қатаң үлгідегі құжаттардың жүргізілуі куәлік, аттестатты есепке алу және беруді тіркеу үнемі бақылауда тұрады.

Мектептің алфавиттік кітабы нөмірленген, тігілген және директордың қолымен бекітілген. Алфавит кітабына оқушылардың келу, кету қозғалысы уақытында тіркеледі. Оқушылардың үлгерім табельдерін тіркеу журналы жүргізіледі. Оқушылардың қозғалыс есебі тоқсан сайын және оқу жылының соңында есепке алынады. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы жылына 2 рет қаралады, мәліметтердің бұйрық кітаптарына, алфавиттік кітап пен сынып журналдарына сәйкестігі тексеріледі.

Оқу-әдістемелік жұмыс

Мектептің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарларына сай оқу-тәрбие үрдісі ұйымдастырылды. Жылдық қорытындысы бойынша талдаулар жасалып, жіберілген кемшіліктерге ерекше назар аударылып жұмыстар жоспарларынып, жүзеге асты. 2022-2024 оқу жылдары ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуы бойынша мектеп жасындағы балаларды орта біліммен толық қамту бөлігінде педагогикалық ұжымның жұмыс жоспары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар, базистік оқу жоспары бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау жүргізілуде. Педагог кадрлармен жұмыс барысында, педагог кадрлар туралы жалпы мәлімет жасақталды. Мектепте критериалды бағалау жүйесін ұйымдастырудағы жауапты қызметкерлердің міндеттемелері орындалуда. Педагогикалық кадрлардың аттестаттау бойынша жұмыстар жүруде. Педагогикалық кеңес жұмысы, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, пән апталықтары жоспарға сай өткізілуде.

Мектебіміздегі әдістемелік қызмет 6 бағытта жұмыс жасап келеді: бастауыш сынып бірлестігі, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бірлестігі, жаратылыстану-математикалық бағыт бірлестігі, тәрбиешілер бірлестігі, политехникалық бағыт бірлестігі, сынып жетекшілер бірлестігі. Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен тиімділігін бақылау, бағалау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, талдау қорытындылары педагогикалық кеңесте, әдістемелік кеңесте, әдістемелік бірлестік және директор жанындағы отырыстарда қаралып, тиісті түзетулер енгізіледі.

Дарынды оқушылармен жұмыстың 3 бағыты

- 1.Пәндік білімді шыңдайтын пәндік олимпиадалар;
- 2.Түрлі шығармашылық сайыстар мен байқауларға қатыстыру арқылы дарынды оқушыларды анықтау және шығармашылығын дамыту;
- 3.Оқушыларды ғылымға баулудағы ғылыми жобалар сайысы.

Мұғалімдердің дарынды оқушылармен жүйелі жұмысы нәтижесінде мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орындар алуда.

2023 – 2024 оқу жылындағы дарынды оқушылар жетістігі

№	Оқушының аты-жөні	сынып	Жетістіктері	орын	Пән мұғалімі
1	Мухамаденова Альбина	9	Облыстық: «Менің кіші Отаным» конкурсы	III	Қамзабай А.Е
2	Абылайхан Нарғыз	3	Аудандық: «Талантыңмен таныл» квест - конкурсы	III	Шайдолда Ж

3	Жанболат Аяулы	3	Аудандық: «Талантыңмен таныл» квест - конкурсы	III	Шайдолда Ж
4	Кисанов Нургельды	3	Аудандық: «Талантыңмен таныл» квест - конкурсы	I	Шайдолда Ж
5	Байзолла Сезім	4	Аудандық: «Талантыңмен таныл» квест - конкурсы	II	Камбарова А.Б

2024-2025 о.ж. дарынды оқушылардың жетістіктері

№	Оқушының аты-жөні	сынып	Жетістіктері	орны	Пән мұғалімі
1	Бауыржан Мұхаммед	8	Аудандық: пәндер олимпиадасының қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша	3 -орын	Нұрдәулет Ж
2	Мухамаденов а Жансая	8	Аудандық Ілияс Жансүгіров оқулары байқауы	2-орын	Нұрдәулет Ж
3	Мухамаденов а Жансая	8	Аудандық: «Алтын қазына-2025» көрме байқауының «Тоқыма бұйымдары»	2-орын	Аубакирова Т.С
4	Абылайхан Нарғыз	4	Аудандық: «Кітап әлемінің шеберлері» конкурсы	«Талапты оқырман» номинация	Шайдолда Ж
5	Кисанов Нургельды, Жанболат Аяулы	4	Аудандық: «Кітап әлемінің шеберлері» конкурсы	«Ұшқыр идея» номинация	Шайдолда Ж
6	Бельгибаева Арайлым	5	Аудандық: «Алтын қазына-2025» көрме байқауының «Тоқыма бұйымдары»	1	Аубакирова Т.С
7	Амангелді Кәусәр	6	Аудандық: «Алтын қазына-2025» көрме байқауының «Тоқыма бұйымдары»	«Жас шебер» номинация	Аубакирова Т.С
8	Амангелді Сырым	1-сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Камбарова А.Б
9	Балтабек Мерей	1-сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Камбарова А.Б
10	Бельгибаева Аяулым	1-сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Камбарова А.Б
11	Қабидолла Баянсұлу	1-сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Камбарова А.Б
12	Абылайхан Назерке	2 - сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Ахметова С.С
13	Жанболат Бекжан	2 - сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Ахметова С.С
14	Касенова Замира	2 - сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Ахметова С.С
15	Кисанова Айтолқын	2 - сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Ахметова С.С
16	Мухамаден	2 - сынып	Республикалық «Ақбота» зияткерлік марафоны	2-орын	Ахметова С.С

	Жантөре		зияткерлік марафоны		
17	Амангелді Сырғалым	3-сынып	Республикалық зияткерлік марафоны «Ақбота»	1-орын	Толегенова Д.Б
18	Бикибаев Бектөре	3-сынып	Республикалық зияткерлік марафоны «Ақбота»	2-орын	Толегенова Д.Б
19	Жанболат Аяулы	4-сынып	Республикалық зияткерлік марафоны «Ақбота»	1-орын	Шайдолда Ж
20	Абылайхан Нарғыз	4-сынып	Республикалық зияткерлік марафоны «Ақбота»	2-орын	Шайдолда Ж
21	Бикибаев Арнұр	7-сынып	Республикалық зияткерлік марафоны «Ақбота»	2-орын	Қамзабай А.Е

2025-2026 о.ж. дарынды оқушылардың жетістіктерін төмендегі кестеден көруге болады.

№	Оқушының аты-жөні	Сайыс	Нәтижесі		Жетекшісі
			Аудандық кезең	Облыстық кезең	
1	Мухамаденова Жансая	9 - 11 сынып оқушылары арасындағы «Қоғамдық пәндер»	3 орын		Қамзабай А.Е
2	Мурсалимов Аслан	Облыстық «Махамбет оқулары» байқауының аудандық кезеңі	1 орын		Нұрдәулет Ж
3	Мурсалимов Аслан	Облыстық «Махамбет оқулары» байқауы		II дәрежелі диплом	Нұрдәулет Ж

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі (Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)

2023-2024 оқу жылында Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебінде 29 оқушы білім алуда. Жалпы мектеп бойынша 9 сынып және 7 сынып комплектісі бар. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-9-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрады.

2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарын құруда мынадай ерекшеліктер ескерілді:

1-4-сыныптарда білім беру процесі:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1-қосымшасы;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 175-қосымшасы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығына 1-қосымша)

5- 9-сыныптарда білім беру процесі:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық)

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспарларындағы вариативтік компонентті қоса алғанда, жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі 1-сыныпта – 19,5 с., 2-сыныпта – 24 с., 3-сыныпта – 26 с., 4-сыныпта – 26 с., 5-сыныпта – 28,5 с., 6-сыныпта – 28,5 с., 7-сыныпта – 31,5 с., 8-сыныпта – 32,5 с., 9-сыныпта – 34 с.

2023-2024 оқу жылында мектептің оқу жоспарындағы вариативтік компонент сағаттары төмендегідей бөлінді:

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес вариативті бөліктен 1-сыныпқа математикалық ұғымдар мен іс-әрекет тәсілдерін оқып үйрету және білім, білік дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Логикалық математика» курсына 1 сағат; 2-сыныпқа баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында «Логикалық математика» курсына 1 сағат, «Көркем оқу» курсына 1сағат; 3 сыныпқа оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту, логикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында «Логикалық математика» курсына 1 сағат; 4 сыныпқа зерттеу, танымдылық, тәжірибе жасау дағдыларын дамыту мақсатында «Адам және табиғат» курсына 1 сағат берілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6 - қосымшасына сәйкес вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында 5-8-сыныпта аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныпта аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзіреттіліктер» курсы ұйымдастырылуда. Оқушылардың әдеп мәдениетінің негізін қалау және концептуалды тұрақты, позитивті бағдарланған және белсенді өмірлік ұстанымды ұстанатын тұлғаның дамуына ықпал ету мақсатында 5-сыныпқа «Парасаттылық және әдеп» курсына 0,5 сағат; адам өмір қауіпсіздігі, оқушыларға денсаулық сақтау шараларының маңызды бөлігі оның алдыни алу екендігі жөніндегі түсініктерін дамыту отырып өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу мақсатында 6,8-сыныптарға «Тіршілік қауіпсіздік» курсына 0,5 сағат; оқушыларға Қазақстанда қалыптасып отырған экологиялық жағдайлар мен оларды шешудің оңтайлы жолдарын жан-жақты қарастыру негізінде ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім беру мақсатында 7-сыныпқа «Экологиялық мәдениет» курсына 0,5 сағат; оқушылардың бойында гуманистік дүниетанымының негіздерін, рухани-адамгершілік құндылықтардың, жеке сенімінің жүйесін қалыптастыру мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына 9-сыныпқа 1 сағат; берілді.

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Аққулы ауданының Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебінде **2024 – 2025 оқу жылында** жалпы 9 сынып – 6 класс – комплект. Мектеп бойынша барлығы 30 оқушы.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-9 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарын құруда мынадай ерекшеліктер ескерілді:

1). 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1-қосымшасы;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 175-қосымшасы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығына 1-қосымша)

2) 5- 9-сыныптарда білім беру процесі:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық).

2024-2025 оқу жылында мектептің оқу жоспарындағы вариативтік компонент сағаттары төмендегідей бөлінді:

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес вариативті бөліктен 1-сыныпқа математикалық ұғымдар мен іс-әрекет тәсілдерін оқып үйрету және білім, білік дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Логикалық математика» курсына 1 сағат; 2-сыныпқа баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында «Логикалық математика» курсына 1 сағат, «Көркем жазу» курсына 1сағат; 3,4 сыныптарға оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту, логикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында «Логикалық математика» курсына 1 сағат берілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6 - қосымшасына сәйкес вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында 5-8-сыныпта аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныпта аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзіреттіліктер» курсы ұйымдастырылуда. Оқушылардың әдеп мәдениетінің негізін қалау және концептуалды тұрақты, позитивті бағдарланған және белсенді өмірлік ұстанымды ұстанатын тұлғаның дамуына ықпал ету мақсатында 5-сыныпқа «Парасаттылық және әдеп» курсына 0,5 сағат; адам өмір қауіпсіздігі, оқушыларға денсаулық сақтау шараларының маңызды бөлігі оның алдыни алу екендігі жөніндегі түсініктерін дамыту отырып өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігін сақтауға тәрбилеу мақсатында 6,8-сыныптарға «Тіршілік қауіпсіздік» курсына 0,5 сағат; оқушыларға Қазақстанда қалыптасып отырған экологиялық жағдайлар мен оларды шешудің оңтайлы жолдарын

жан-жақты қарастыру негізінде ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім беру мақсатында 7-сыныпқа «Экологиялық мәдениет» курсына 0,5 сағат; оқушылардың бойында гуманистік дүниетанымының негіздерін, рухани-адамгершілік құндылықтардың, жеке сенімінің жүйесін қалыптастыру мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына 9-сыныпқа 1 сағат; берілді.

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Аққулы ауданының Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебінде **2025 – 2026 оқу жылында** жалпы 9 сынып – 6 класс – комплект. Мектеп бойынша барлығы 30 оқушы.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-9 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

2025-2026 оқу жылына арналған оқу жоспарын құруда мынадай ерекшеліктер ескерілді:

1-4-сыныптарда білім беру процесі:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024ж. № 27 бұйрығының 1-қосымшасы;

1 – сыныпта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығына 1 – қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4 – қосымшасы 9 – тарауы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін (арнайы оқу бағдарламалар бойынша) оқытатын бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады

5- 9-сыныптарда білім беру процесі:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023ж № 323 бұйрығының 6-қосымшасы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық).

2024-2025 оқу жылында мектептің оқу жоспарындағы вариативтік компонент сағаттары төмендегідей бөлінді:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4 – қосымша 9 - тарау. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін (арнайы оқу бағдарламалар бойынша) оқытатын бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес білім

алушының қрапайым түсініктерін қалыптастыру, өзіне – өзі қызмет көрсету, ортаға бейімдеу мақсатында «Түзету жұмыстары» аптасына 2 сағат берілді.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес вариативті бөліктен 2-сыныпқа баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында «Логикалық математика» курсына 1 сағат, «Көркем жазу» курсына 1 сағат; 3,4 сыныптарға оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту, логикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында «Логикалық математика» курсына 1 сағат берілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6 - қосымшасына сәйкес вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында 5-8-сыныпта аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныпта аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзіреттіліктер» курсы ұйымдастырылуда. Оқушылардың әдеп мәдениетінің негізін қалау және концептуалды тұрақты, позитивті бағдарланған және белсенді өмірлік ұстанымды ұстанатын тұлғаның дамуына ықпал ету мақсатында 5-сыныпқа «Парасаттылық және әдеп» курсына 0,5 сағат; адам өмір қауіпсіздігі, оқушыларға денсаулық сақтау шараларының маңызды бөлігі оның алдыни алу екендігі жөніндегі түсініктерін дамыту отырып өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу мақсатында 6,8-сыныптарға «Тіршілік қауіпсіздік» курсына 0,5 сағат; оқушыларға Қазақстанда қалыптасып отырған экологиялық жағдайлар мен оларды шешудің оңтайлы жолдарын жан-жақты қарастыру негізінде ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім беру мақсатында 7-сыныпқа «Экологиялық мәдениет» курсына 0,5 сағат; оқушылардың бойында гуманистік дүниетанымының негіздерін, рухани-адамгершілік құндылықтардың, жеке сенімінің жүйесін қалыптастыру мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына 9-сыныпқа 1 сағат; берілді.

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2023-2024 оқу жылы

1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес білім мазмұны оқу жоспарларында алты білім беру саласы бойынша оқу пәндерін оқыту енгізілген. «Тіл және әдебиет» білім беру саласы «Әліппе, ана тілі», «Қазақ тілі (Т1)», «Әдебиеттік оқу» «Орыс тілі (Т2)», «Шетел тілі» пәндерін, «Математика және информатика» саласы «Математика», «Цифрлық сауаттылық » пәнін, «Жаратылыстану» білім беру саласы «Жаратылыстану» пәнін, «Адам және қоғам» білім беру саласы «Дүниетану» пәндерін, «Технология және өнер» білім беру саласы бойынша «Көркем еңбек» және «Музыка» пәндері, «Дене шынықтыру» білім беру саласы «Дене шынықтыру» пәндерін қамтиды.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны «Әліппе, ана тілі», «Қазақ тілі», «Орыс тілі» «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі» пәндерінде жүзеге асырылып келеді. 2,3,4 сыныптарда қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәнінен 2 БЖБ, 1 ТЖБ өткізілді. Яғни, жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ, 4 ТЖБ өткізілді. Орыс тілі пәнінен 2-4-сыныпта 8 БЖБ, 4 ТЖБ өткізілді.

«Шетел тілі» ретінде мектепте «ағылшын тілі» пәні таңдалып оқытылып келеді. Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым,

айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерілген. БЖБ үшін жоғарғы балл 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық болмауы ескеріле отырып, жылына 8 БЖБ, 4 ТЖБ жұмысы өткізілді.

«Математика және информатика» білім беру саласы: «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылды. «Математика» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (6- қосымша) «Математика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту арқылы математикалық білім негіздерін қалыптастыру. Математика пәнінің ерекшелігіне байланысты әр БЖБ бойынша жалпы 8-10 балл, ал ТЖБ бойынша жалпы 12-18 баллдан жоғары болмауын ескере отырып, 2 сыныптарда жылына 11 БЖБ, 4 ТЖБ, ал 3-сыныпта 12 БЖБ, 4 ТЖБ, 4-сыныпта 12 БЖБ, 4 ТЖБ өткізілді.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1- сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының басынан оқытылады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сатыда «Цифрлық сауаттылық» пәнінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады.

Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. «Жаратылыстану» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (7-қосымша) «Жаратылыстану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Пән 1-2 сыныптарда аптасына 1 сағат оқытылатындықтан 2023 – 2024 оқу жылының 1 тоқсаны бойынша ТЖБ жүргізілмеді, 4 БЖБ жүргізілді, ал 3-4 сыныптарда 2 сағат жүктемемен оқытылғандықтан тоқсанына 1 БЖБ, 1 ТЖБ жүргізіледі.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» пәнінде іске асырылады. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды. 2-4 сыныптарда 2023-2024 оқу жылында 1 БЖБ – дан өткізілді.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы беріледі. «Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты құрайды.

«Еңбекке баулу» оқу пәні «Еңбекке баулу» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1-сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Еңбекке

баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағатты құрайды. «Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс- әрекетіне дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

«Бейнелеу өнері» оқу пәні «Бейнелеу өнері» пәні 2023-2024 оқу жылында 1- сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың басты мақсаты - білім алушының қоршаған ортаны бейнелі қабылдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларды көркем өнерге баулу. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат. 1 сыныптарда бағалау жүргізілмейді Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады. Бастауыш және негізгі білім беру деңгейінде оқытылатын «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі жаңартылған оқу жүктемесімен аптасына 3 сағат беріліп отыр. «Дене шынықтыру» пәні бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылды.

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2023-2024 оқу жылында оқу бағдарламасы 100% орындалып отыр.

Негізгі орта білім беру «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығына сәйкес 2023-2024 оқу жылындағы басты ерекшелігі- оқу аптасының ұзақтығы 34 аптаны құрап отыр. Қазантай негізгі жалпы білім беретін мектепте 2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына сай негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3- қосымшасының 2 тарауында негізгі орта білім берудің мазмұны оқу нәтижелеріне бағдарланады және Стандарт талаптары негізінде әзірленетін оқу пәндерінің оқу бағдарламаларымен айқындалатындығы атап көрсетілген. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталады. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы негізінде жүзеге асырылып отыр. Білім беру салалары «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» пәндерінде жүзеге асырылып келеді.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәні аясында жүзеге асырылуда.

5-9-сыныптар бойынша «Қазақ тілі» пәнінің оқыту мақсаттары арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері жүзеге асырыла отырып, олардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы қалыптасады. «Қазақ тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізу кезінде тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптардағы оқу процесі оқу бағдарламасына сай үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты - оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана

білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. Жиынтық бағалау жүргізу кезінде тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың маңыздылығы - орыс тілінің еліміздегі ұлтаралық қатынас құралы болып табылуында. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9сыныптарын аяқтаушылар пәнді меңгергеннен кейін А 2 деңгейін меңгеруі тиіс. Жиынтық бағалау жүргізу кезінде тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«Шет тілі» («Ағылшын тілі») оқу пәні «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұнында жүзеге асырылады. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді. Пәннің оқу бағдарламасы білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды қалыптастыратын түрлі тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың шетел тілінен жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес деңгейілеріне жету мақсатын көздейді. Негізгі орта білім деңгейі аяқталғаннан кейін білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша В1 тілдік деңгейіне жетуі тиіс. 5-9-сыныптарына арналған «Шетел тілі» пәнін оқыту білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды саналы меңгеруді қамтамасыз етуге, әртүрлі тапсырмалар арқылы тілдің А2-В1 деңгейін меңгеруге, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Барлық тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Математика» пәні аптасына бөлінген 5 сағат оқу жүктемесі сақталған. «Математика» пәні бойынша БЖБ саны- 5,6-сыныптарда 10БЖБ, 4 ТЖБ өткізілген. ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 14-5-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді және бөлімді екі кезеңде өткізуге болады.

«Алгебра» пәні аптасына 7-9 сыныптарда аптасына 3 сағат жүктемемен берілді. 7,8-сыныптарда 7БЖБ, 9-сыныпта 8БЖБ, жылына әр сыныпта 4ТЖБ өткізілді.

7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі 2 сағатты құрады. 7-9 сыныптарда тоқсан сайын 1БЖБ, 1ТЖБ, жалпы жылына 4БЖБ, 4ТЖБ өткізілді.

«Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану", "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде іске асырылады. 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану», 7-9 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері аясында жүргізіледі.

«Жаратылыстану» білім беру саласы мақсаты – табиғат құбылыстарын зерттеуде жүйелілік, сабақтастық принциптерін түсіну, ғылыми парадигманың өзгеруі жағдайында ғылыми дүниетаным мен әлемнің заманауи көрінісін қалыптастыру. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары білім алушыларда міндеттерді анықтау, бақылау, болжау, жіктеу, талдау сияқты табиғатты танып, білу дағдыларын қалыптастырады. Негізгі орта білім беру деңгейінде аталған білім саласы

«Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндері аясында жаңартылған оқу жүктемесі көлемінде жүзеге асырылды.

«Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндерінен апталық жүктеме 2 сағаттан жүргізіледі. Жылына 8БЖБ, 4ТЖБ алынады. Тек 7-сыныптағы химия пәнінен аптасына 1 сағат берілген, әр тоқсанда 2БЖБ өткізіліп, қорытынды баға шығарылады. Сонымен қатар 7-9-сыныптарда физика, химия, биология оқу пәндерінен оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған зертханалық, практикалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары орындалған, күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілген.

«Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» және «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады.

5-9 сыныптардағы «Қазақстан тарихы» пәні аптасына 2 сағаттық жүктемемен оқытылды және әр тоқсан сайын БЖБ, ТЖБ жұмыстары жүргізілді.

«Дүниежүзі тарихы» пәні аптасына 1 сағаттан ғана оқытылатындықтан оқу пәнінен әр тоқсан сайын БЖБ өткізу ғана қарастырылған. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша 5-9-сыныптарда бөлім үшін жиынтық бағалау жүргізілді және олардың қорытындысы бойынша жартыжылдық баға қойылды, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмеді.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" оқу пәндерінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге, базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгеруге бағытталады.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 5-6 сыныптарда «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша әр тоқсан соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. 5-6 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша, 7-9 сыныптарда «Көркем еңбек» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2023-2024 оқу жылында оқу бағдарламасы бойынша 100% орындалып отыр.

2024-2025 оқу жылы

Бастауыш білім беруде 2024-2025 оқу жылында арналған оқу жұмыс жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1-қосымшасы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы), бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 175-қосымшасы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығына 1-қосымша), «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алына отырып құрылды.

1-4-сыныптарда 2024-2025 оқу жылында 1 сыныптарда оқу ұзақтығы – 33 оқу аптасын, 2-9 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология

және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны «Әліппе, ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі» пәндерінде жүзеге асырылып келеді. 2,3,4 сыныптарда қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәнінен әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 2 БЖБ, 1 ТЖБ дан әр тоқсанға өткізу жоспарланды.

«Шетел тілі» ретінде мектепте «ағылшын тілі» пәні тандалып оқытылып келеді. Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерілген. 2024–2025 оқу жылы «Ағылшын тілі» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен (5-қосымша) бекітілген 3-4 сыныптарға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде оқытылады. БЖБ үшін жоғарғы балл 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық болмауы ескеріледі.

«Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерінен 1-4 тоқсанда 8 БЖБ, 4 ТЖБ өткізілді.

Бастауыш білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін меңгеруге; есептер шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар құра білу машықтарын дамытуға; ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, тандау, жеткізу, объектілер мен процестерді жобалау, кестелермен, схемалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді ұсыну дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Математика және информатика» білім беру саласы саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылды. Математика пәнінің ерекшелігіне байланысты әр БЖБ бойынша жалпы 8-10 балл, ал ТЖБ бойынша жалпы 12-15 баллдан жоғары болмауын ескере отырып, жоспарланды. 2 сыныптарда 1 тоқсанда 2 БЖБ, 1 ТЖБ, 3,4 сыныптарда 3 БЖБ, 1ТЖБ, ал 2,3,4 оқу тоқсанында 2,3,4 сыныптарда 3 БЖБ мен 1ТЖБ өткізіледі. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1- сыныпта оқу жылынан бастап 2 аптада 1 рет оқытылады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сатыда «Цифрлық сауаттылық» пәнінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласыдағы бастауыш білім берудің мақсаты - «Адам – Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз ету. Білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған «Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. «Жаратылыстану» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (7-қосымша) «Жаратылыстану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Пән 2-3 сыныптарда аптасына 1 сағат оқытылатындықтан 2024-2025 оқу жылында ТЖБ жүргізілмеді, 4БЖБ жүргізілді, ал 4 сыныптарда 2 сағат жүктемемен оқытылғанықтан тоқсанына 1БЖБ, 1ТЖБ жүргізіледі.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» пәнінде іске асырылады. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен

қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды. 2-4 сыныптарда 2024-2025 оқу жылының әр тоқсанында 1 БЖБ өткізіледі.

«Технология және өнер» білім саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке бауылу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы беріледі. «Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты; сағатты құрайды. «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндері 1-2 сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағатты құрайды. «Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс-әрекетіне дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады. Бастауыш және негізгі білім беру деңгейінде оқытылатын «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі 3 сағаттан беріліп отыр, «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

Бастауыш білім берудегі оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2025-2025 оқу жылында оқу бағдарламасы 100% орындалып отыр.

Негізгі орта білім беру Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Ғылыми кеңесі ұсынған «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, оқу аптасының ұзақтығы 34 аптаны құрап отыр. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталады.

Негізгі орта білім берудің оқу жоспары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 11-тарауы негізінде құрылды.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет тілі» (ағылшын тілі) пәндері аясында жүзеге асырылуда.

5-9-сыныптар бойынша «Қазақ тілі» пәнінің оқыту мақсаттары арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері жүзеге асырыла отырып, олардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы қалыптасады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптардағы оқу процесі оқу бағдарламасына сай үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру.

«Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың маңыздылығы - орыс тілінің еліміздегі ұлтаралық қатынас құралы болып табылуында. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарын аяқтаушылар пәнді меңгергеннен кейін А 2 деңгейін меңгеруі тиіс.

«Шет тілі» («Ағылшын тілі») оқу пәні «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұнында жүзеге асырылады. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді. Пәннің оқу бағдарламасы білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды қалыптастыратын түрлі тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың шетел тілінен жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес деңгейлеріне жету мақсатын көздейді. Негізгі орта білім деңгейі аяқталғаннан кейін білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша B1 тілдік деңгейіне жетуі тиіс. 5-9-сыныптарына арналған «Шетел тілі» пәнін оқыту білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды саналы меңгеруді қамтамасыз етуге, әртүрлі тапсырмалар арқылы тілдің A2-B1 деңгейін меңгеруге, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған.

Барлық тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Математика» пәні 5,6 сыныптарда аптасына 5 сағаттық, алгебра пәні 7,8,9 сыныптарда 3 сағаттық, геометрия пәні 2 сағаттық жүктемемен жүзеге асырылады.

Математика пәнінен 5-сыныпта 1,3 тоқсандарда 3БЖБ, ал 2,4 тоқсанда 2БЖБ, 6-сыныпта 1,2 тоқсандарда 2 БЖБ, 3-4-тоқсанда 3 БЖБ, алгебра пәнінен 7-сыныпта әр тоқсанда 2 БЖБ, 8-сыныпта 1,4 тоқсандарда 1БЖБ, ал 2-тоқсанда 2БЖБ, 3 тоқсанда 3 БЖБ, 9-сыныпта 1,2,3 тоқсандарда 2БЖБ, 4-тоқсанда 1БЖБ, 7-9-сыныпта геометрия пәнінен әр тоқсандарда 1БЖБ, 1ТЖБ-дан өткізілді. 5-9 сыныптардағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жартыжылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

«Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінде іске асырылады. 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану», 7-9 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері аясында жүргізіледі.

2024-2025 оқу жылында «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда 5-6-сыныптарда пәннің тәрбиелік әлеуетін іске асырудың үш басты бағытын көрсетуге болады: оқу материал мазмұнын іріктеу, сабақ құрылымын жетілдіру, қарым-қатынасты ұйымдастыру. Жаратылыстану пәнінен 5-сыныпта 1,3,4 тоқсандарда 2БЖБ, ал 2-тоқсанда 1БЖБ, 6-сыныпта 1,3,4 тоқсандарда 2 БЖБ, 2-тоқсанда 1 БЖБ, тоқсанынан 1ТЖБ-дан өткізілді.

«Физика» пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді

шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. 7-9-сыныптарда «Физика» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі. Зертханалық және практикалық жұмыстың қажетті көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану ұсынылады. Физика пәнінен 7-8 сыныптарда әр тоқсанда 2БЖБ, 9-сыныпта 1,3 тоқсандарда 2БЖБ, ал 2-тоқсанда 1БЖБ, әр сыныпта тоқсанынан 1ТЖБ-дан өткізілді.

«Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Зертханалық жұмыстарды жүргізудің мақсаты зерделенген теориялық материал негізінде оқу-зерттеу және нақты практикалық міндеттерді шешу тәжірибесін алу; маңызды теориялық ережелерді эксперимент бойынша дәлелдеу және бағалау, зерттеу жұмысының дағдыларын игеру арқылы практикалық міндеттерді шеше білу болып табылады. Практикалық жұмыстардың мақсаты - оқушылардың білімін бекіту, нақтылау, практикалық дағдыларын қалыптастыру және дағдыларын жетілдіру болып табылады.

7-сыныптағы «Химия» пәні аптасына 1 сағаттан болғандықтан, ТЖБ жұмыстары жүргізілмейді, тек тоқсанына 2 рет БЖБ өткізіледі.

Биология пәнінен әр тоқсанда 3 БЖБ, 1ТЖБ, география пәнінен 7- сыныпта 1,3,4- тоқсанда 3 БЖБ, 1ТЖБ, 2-тоқсанда 2 БЖБ,1 ТЖБ, ал 8-сыныпта 1,2,3-тоқсанда 3 БЖБ, 4-тоқсанда 2БЖБ, әр тоқсанда 1ТЖБ өткізілді.

«Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерінде іске асырылады.

Қазақстан тарихы пәні бойынша 5-сыныпта 1 тоқсанда 1БЖБ, ал 2,3-тоқсандарда 2БЖБ, 4-тоқсанда 3БЖБ.,6-сыныпта 1,2 тоқсандарда 1 БЖБ, 3-тоқсанда 2 БЖБ, 4-тоқсанда 3БЖБ, 7-сыныпта 1,2 тоқсанда 2БЖБ, 3 тоқсанда 3 БЖБ, 4-тоқсанда 1 БЖБ., 8-сыныпта 1,2 тоқсандарда 1БЖБ, 3,4-тоқсанда 2БЖБ, 9-сыныпта әр тоқсанда 2 БЖБ, әр тоқсанда 1ТЖБ өткізілді.

«Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәні аптасына 1 сағаттан болғандықтан, ТЖБ жұмыстары жүргізілмейді, БЖБ қорытындысы бойынша жартыжылдықта баға қойылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам» білім беру салаларының пәндері бойынша оқушыларды жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге, базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгеруге бағытталады.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 5-6 сыныптарда «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша әр тоқсан соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. 5-6 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша, 7-9 сыныптарда «Көркем еңбек» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2023-2024 оқу жылында оқу бағдарламасы 100% орындалып отыр.

Пәндер бойынша білім сапасы					
№	Пәндер	2023-2024	2024-2025	2025-2026	(+,-)
Бастауыш білім беру, %					
1	Қазақ тілі	63	71	-	+8
2	Әдебиеттік оқу	67	63	-	-4
3	Орыс тілі	75	72	-	-2
4	Шетел тілі (Ағылшын тілі)	71	73	-	+2
5	Математика	71	63	-	-8
6	Дүниетану	74	75	-	+1
7	Жаратылыстану	71	72	-	+1
Негізгі орта білім беру, %					
1	Қазақ тілі	77	79		+2
2	Қазақ әдебиеті	87	89		+2
3	Орыс тілі мен әдебиеті	78	74		-4
5	Шетел тілі (Ағылшын тілі)	78	75		-3
6	Математика	75	80		+5
7	Алгебра	70	53		-17
8	Геометрия	70	78		+8
9	Информатика	100	100		
10	Жаратылыстану	100	100		
11	География	78	72		-6
12	Биология	78	66		-12
13	Физика	72	53		-19
14	Химия	70	75		+5
15	Қазақстан тарихы	87	87		
16	Дүниежүзі тарихы	87	97		+10
17	Құқық негіздері	100	100		

Оқу озаттары мен екпінділер

	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	(+,-)
Оқушы саны	24	26	29	
Оқу озаттары	4	7	-	
Оқу екпінділер	13	13	-	
Барлығы	17	20	-	

Білім сапасы

	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	(+,-)
Білім сапасы	71	77	-	

2023-2024 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша 24 оқушымен аяқтап, білім сапасы 71 % -ды көрсетіп отыр.

Үлгермеуші оқушы жоқ, жиынтық бағалау кезінде болмаған уақытша аттестатталмаған оқушы жоқ. Жыл бойғы жұмыс нәтижесін талдай келе, олқылықтарды жою жұмыс жоспарына төмендегідей бағыттарда нәтижеге бағытталған жұмыстар жүргізілді:

Барлық сыныптарда мұғалімдер тарапынан олқылықтарды жою мақсатында қосымша сабақтар қойылып, оқушылардың материалды қабылдауы, өз бетімен жұмыстануға бағыттап жұмыстану; Пән мұғалімдеріне жеке оқушымен жұмыстың тиімділігін анықтау, жіберілген кемшіліктермен коррекциялық жұмыс жүргізу;

Қорытынды аттестаттауға дайындықты күшейту;

Бастауыш сыныптарда математикалық сауаттылықты арттыру, тапсырмалар базасын кеңейту, тиімді қолдану;

Бастауыш сыныптарда мәнерлеп оқу өнерін жетілдіру (сабақта, сабақтан тыс);

1-сыныптан бастап оқу және түсініп оқу дағдысын жетілдіру.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

2023-2024 оқу жылы бойынша «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы оқыту міндетті болып табылған.

1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырған.

5-9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрап, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылы бойынша «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы оқыту міндетті болып табылған.

1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырған.

5-9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрап, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу үдерісі кезінде уақытылы жүргізіледі.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 10-сыныпта "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылы бойынша «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының оқыту міндетті болып табылған.

1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырған.

5-9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрап, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының тақырыптары жоғарыда аталған оқу пәндерінің тақырыптарымен бір мезгілде электрондық сынып журналында және оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілген. Мектептің қауіпсіздігі басты назарда. Сондықтан мектептің жұмыс істеуінің Қауіпсіз режимін қамтамасыз ету, оқу- тәрбие процесін жүргізу, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында жыл сайын оқу-жаттығу сабақтары (жылына 2 рет), сондай- ақ ТЖ қызметкерлерін тарта отырып, әңгімелер мен сынып сағаттары өтеді.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы негізінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді.

«Жолда жүру ережелері» курсы сынып сағаты есебінен жүргізіліп, электрондық сынып журналында сынып сағаттары тақырыптарымен сабақтың тақырыбы көрсетіліп жазылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу- зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған.

Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:
Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

Оқу жылы	2023-2024	2024-2025	2025-2026
1-сынып	19,5	19,5	8 (үйден оқыту)
2-сынып	24	24	24
3-сынып	26	26	26
4-сынып	26	26	26
5-сынып	28,5	28,5	28,5
6-сынып	28,5	28,5	28,5
7-сынып	31,5	31,5	31,5
8-сынып	32,5	32,5	32,5
9-сынып	34	34	34

2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы негізінде бастауыш сыныптардағы 1-сыныпта апталық оқу жүктемесінің шекті көлемі вариативті компонентпен бірге 19,5 сағатты, 2-сыныпта – 24 сағатты, 3-4 сыныптарда 26 сағатты, ал негізгі білім берудегі 5-6 сыныптарда – 28,5 сағатты, 7-сыныпта – 31,5, 8-сыныпта – 32,5, 9-сыныпта – 34 сағатты құрады.

2024-2025 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1-қосымшасы негізінде 1-сыныпта апталық оқу жүктемесінің шекті көлемі вариативті компонентпен бірге 19,5 сағатты, 2-сыныпта – 24 сағатты, 3-4 сыныптарда 26 сағатты, ал «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасына сәйкес негізгі білім берудегі 5-6 сыныптарда – 28,5 сағатты, 7-сыныпта – 31,5, 8-сыныпта – 32,5, 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды.

2025-2026 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 08 ақпандағы № 27 бұйрығының 1-қосымшасы негізінде 1-сыныпта апталық оқу жүктемесінің шекті көлемі вариативті компонентпен бірге 8 сағатты, 2-сыныпта – 24 сағатты, 3-4 сыныптарда 26 сағатты, ал Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының 6 – қосымшасына сәйкес негізгі білім берудегі 5-6 сыныптарда – 28,5 сағатты, 7-сыныпта – 31,5, 8-сыныпта – 32,5, 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды.

Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

2022-2023 оқу жылына Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сай бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының негізінде сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты *(Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы)* басшылыққа ала отырып оқу жоспарының инвариантты және вариативті компоненті жүзеге асырылып отыр.

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҰОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Кесте – 1

Оқу жылы	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9
2023-2024	Инвариантты	18,5	22	25	25	28	28	31	32	33
	Вариативтік	1	2	1	1	0,5	0,5	0,5	0,5	1
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	31,5	32,5	34
2024-2025	Инвариантты	18,5	22	25	25	28	28	31	32	33
	Вариативтік	1	2	1	1	0,5	0,5	0,5	0,5	1
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	31,5	32,5	34
2025 -2026	Инвариантты	6	22	25	25	28	28	31	32	33
	Вариативтік	2	2	1	1	0,5	0,5	0,5	0,5	1
	Барлығы	8	24	26	26	28,5	28,5	31,5	32,5	34

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы *(Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 2-тарау 3 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 4-тармағы*

«Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу мен сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтің ұсыныстары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады) негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары

камтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу кестелері құрылған.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik. kz» электронды журналы арқылы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес зерделенді.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау

Емтихандарды тапсыру, білім алушыларды ауыстыру және бітірушілерді тапсыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алды.

Жыл сайын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар қоғамдастығы арасында қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік қағидаларын зерделеу бойынша тапсырмалар берілді. Қорытынды аттестацияға дайындық барысында психологиялық қолдау көрсету аясында мектеп психологы, сынып жетекшілерімен психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізілді. Педагогикалық кеңестерде 9 - сыныпта қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу сұрақтары қаралды (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау хаттамаларының көшірмелері, сонымен қатар осы 14-өлшемшарттардың 2-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

2023-2024 оқу жылы

9-сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	2	2	-	2	-	100	100
Математика (алгебра)	2	2	-	1	1	50	100
Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	-	2	-	100	100
Қазақстан тарихы	2	2	-	2	-	100	100

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9- сыныптың 2 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

2024-2025 оқу жылы

9-сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	2	2	-	1	1	50	100
Математика (алгебра)	2	2	-	-	2	0	100
Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	-	1	1	50	100
Биология	2	2	-	1	1	50	100

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9- сыныптың 2 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

2023 - 2024 оқу жылы. Қазақ тілі бойынша аралық емтихан қорытындысы

5-8 сынып

Сынып	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
5-сынып	3	3	2	1	-	100	100
6-сынып	2	2	-	2	-	100	100
7-сынып	5	5	3	2	-	100	100
8-сынып	2	2	-	1	1	50	100

. Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында ұйымдастырылып, 5-8 -сынып оқушылары толықтай емтиханға қатысты. Жалпы білім сапасы 91 % көрсетті.

2024 - 2025 оқу жылы. Қазақ тілі бойынша аралық емтихан қорытындысы

5-8 сынып

Сынып	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
5-сынып	4	4	-	3	1	75	100
6-сынып	3	3	1	1	1	66	100
7-сынып	2	2	-	2	-	100	100
8-сынып	5	5	-	5	-	100	100

. Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында ұйымдастырылып, 5-8 -сынып оқушылары толықтай емтиханға қатысты. Жалпы білім сапасы 85% көрсетті.

4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

2025 жылы 23 сәуір күні 4,9-сыныптардың білім алушыларынан білім, білік, дағдыларын тексеру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті қатысуымен компьютерлік тест алынды.

Жалпы тізім бойынша оқушы саны	Тестілеуге қатысқаны	%	Сынып	Пәндер бойынша жинаған ұпайлар саны				Жинаған ұпайлар саны	«2»	«3»	«4»	«5»	Орташа балл	Оң баға %
				Оқыту тілі	Математика	Физика			40%-дан төмен	40-64%	65-84%	85-100%		
2	2	100	9	18	22	24		64	-	1	1	-	32	50 %
3	3	100	4	29	22			51	-	1	2	-	25	66 %
5	5	100												58 %

2022 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің №486 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығының 2 тарау 8-тармақшасына сәйкес бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына онлайн түрде телеграм канал арқылы сауалнама өткізілді.

Қазантай негізгі жалпы білім беретін мектепте «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтағы» сауалнаманы негізге ала отырып, білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін, 2025 жылдың 03 қазан күні сауалнама өткізілді.

4 және 9 сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижелерінің қорытындысы.

<https://t.me/+sBs2kZlasq0zMDEy>

4,9 сыныпта 7 оқушы білім алады. Сауалнамаға 86 % оқушылар қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша

1. «Мен өз мектебімде оқуға қызығамын» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,
- 2.«Менің сүйікті заттарым бар» (егер солай болса, қайсысы) сұрағына «Толық келісемін»-17%, «Келісемін»-83%,
- 3.«Менің сүйікті мұғалімдерім бар» сұрағына «Толық келісемін»-17%, «Келісемін»-83%,
- 4.«Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады» сұрағына «Толық келісемін»-67%, «Келісемін»-33%,
- 5.«Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын» сұрағына «Толық келісемін»-83%, «Келіспеймін»-17%,
- 6.«Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды» сұрағына «Толық келісемін»-67%, «Келісемін»-33%,

- 7.«Мен мектепте жиі Шаршаймын» сұрағына «Келісемін»-50%, «Келіспеймін»-50%,
 - 8.«Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп» сұрағына «Келісемін»-83%, «Келіспеймін»-17%
 - 9.«Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы» сұрағына «Толық келісемін»-67%, «Келісемін»-33%,
 - 10.«Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын» сұрағына «Келісемін»-50%, «Келіспеймін»-33%,«Толық келіспеймін»-17%
 - 11.«Мен өз құқығымды білемін» сұрағына «Толық келісемін»-67%, «Келісемін»-17%, «Келіспеймін»-17%,
 - 12.«Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Келіспеймін»-17%, «Толық келіспеймін»-0%
 - 13.«Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар» сұрағына «Толық келісемін»-67%, «Келісемін»-33%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%
 - 14.«Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады» сұрағына «Толық келісемін»-33%, «Келісемін»-67%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%
 - 15.«Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын» сұрағына «Толық келісемін»-67%, «Келісемін»-33%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%
 - 16.«Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді?» сұрағына «Бәрі ұнайды» 100%
- Қорытынды: Оқушылардың мектепке, білімге деген көзқарастары өте жақсы. Сабақта өздерін еркін ұстап,өз ойларын ашық айта алады. Өз мектептерін жақсы көреді және осы мектепте білім алып жатқандарына мақтан етеді.

4 және 9 сынып пән мұғалімдерінен алынған сауалнама нәтижелерінің қорытындысы.

<https://t.me/+MxHBkWZEyEsxMjFi>

4,9 сыныбында 13 пән мұғалімі бар. Сауалнамаға 82 % педагог қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша

1. Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын сұрағына «Толық келісемін»-91%, «Келісемін»-9%,
2. Мен тиімді әдістемелік көмек аламын сұрағына «Толық келісемін»-73%, «Келісемін»-27%,
- 3.«Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-83%, «Келісемін»-18%,
- 4.« Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-73%, «Келісемін»-27%,
- 5.«Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді» сұрағына «Толық келісемін»-64%, «Келісемін»-36%,
- 6.« Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын сұрағына «Толық келісемін»-46%, «Келісемін»-45%, «Келіспеймін»-9%,
- 7.«Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар» сұрағына « Толық келісемін»-64%, «Келісемін»-36%,
- 8.«Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын» сұрағына « Толық келісемін»-45%, «Келісемін»-55%
- 9.«Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын» сұрағына «Толық келісемін»-64%, «Келісемін»-36%,
- 10.«Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды» сұрағына « Толық келісемін»-36%, «Келісемін»-64%,
- 11.«Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған» сұрағына «Толық келісемін»-45%, «Келісемін»-55%
- 12.«Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген» сұрағына «Толық келісемін»-73%, «Келісемін»-27%,
- 13.« Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады» сұрағына «Толық келісемін»-82%, «Келісемін»-18%,
- 14.«Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-91%, «Келісемін»-9%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

15.« Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?» сұрағына «Толық келісемін»-64%, «Келісемін»-36%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

16.«Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз?» сұрағына «Бәрі ұнайды» 100%«Толық келісемін»-45%, «Келісемін»-55%,

Қорытынды: Педагогтар өздері жұмыс істейтін мектептерін мақтан тұтады.Еңбек жағдайларына қанағаттанады.Оқушалармен қарым-қатынастары жақсы.

4 және 9 сынып ата-аналарынан алынған сауалнама нәтижелерінің қорытындысы.

https://t.me/+QSOKSeL9_8wzZjAy

4,9 сыныбында 6 ата-ана бар. Сауалнамаға 83 % ата-ана қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша

1. «Менің балам мектепке қуана барады» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

2. «Сыныпта қолайлы атмосфера бар» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

3.«Мектеп сапалы білім береді» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

4.«Оқу пәндері менің балама оңай беріледі» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

5.«Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-25%, «Келіспеймін»-25%,

6.« Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%

7.«Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды» сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%,

8.« Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%

9.« Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын» сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%,

10.« Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-100%

11.« Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%

12.«Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-25%, «Толық келіспеймін»-25%

13.«Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды» сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%,

14.«Менің балам мектепте Қауіпсіз» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

15.« Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

16. Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын«Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

17. Мектеп өміріне қатысуға ниет бар «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

18.«Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз?» сұрағына «Бәрі ұнайды» 100%«Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%,

Қорытынды: Ата-аналар мектеп жұмысына толық қанағаттанарлық,сынып жетекшісінің жұмысына толық қанағаттарлық.Балалары үшін мектеп өте қызықты және іс-шараларға қатысқан ұнайды.Педагогтердің этикасы мен әкімшілік жұмысына қанағаттанарлық.

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы сәйкес сақталған.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек;

оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда – 34 оқу аптасы;

2024-2025 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-9-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

2025-2026 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-9-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

Мектеп кітапханасы туралы мәлімет

Мектеп кітапханасы бірінші қабатта орналасқан, жалпы көлемі 20 ш.м Кітапхананың кітап қоры 3854 экземпляр құрайды. Электрондық оқулықтармен, CD-дисктармен жабдықталған. Мектеп кітапханасы бір бөлмеден тұрады. Мектепте кабинет жетіспегендіктен, оқу залы мен абонементпен бірге және 1 компьютермен жабдықталған. Оқу залында төрт адамға арналған оқу орны бар.

Жыл сайын пайдалануға жарамайтын оқулықтар есептен шығарылады..

Ал жаңа кітапты оқушылар қызыға - қызыға оқиды. Кітап оқуға, кітапханаға келуге оқушылар үнемі асығады.

Осы оқу жылында кітапханаға 110 дана оқулық келіп түсті (жалпы құны – 393 716 теңге). Жетіспеген оқулықтарға қосымша тапсырыс беріліп, оқу жылының басында толық жеткізілді. Барлық оқушылар оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Мектеп кітапханашысы Карабашаева Динара Фларитовна санатсыз, жалпы еңбек өтілі: 7 жыл, осы мекемеде кітапханашы ретінде еңбек өтілі 5 жыл, білімі арнайы орта. Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген оқушыларды қажет етеді. Сондықтан мектеп кітапханасының негізгі мақсаты – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушыларды ізденімпаздыққа үйрету, ана тілі мен әдебиетін ардақтай білуге тәрбиелеу мектеп кітапханасына да жүктелетін міндет.

Мектеп кітапханасының негізгі міндеттері:

- педагогтар мен оқушыларға кітапханалық-библиографиялық ақпараттық қызмет көрсету жолында оқу-тәрбие үдерісін қамтамасыз ету.
- оқушыларда кітапхананы тәуелсіз пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- азаматтық сана сезімін, патриоттық сезімін тәрбиелеу;
- Жайлы кітапханалық ортаны қалыптастыру.

Оқулықтар қоры

Әрбір сыныптар қоры өз жас ерекшелігіне байланысты бөлінген. 1-4 сынып, 5-9 сыныптар. Жаңа оқулық қоры мен оқырмандар картотекасы үнемі жаңарып толығып отырады. Оқушылар арасында оқулықтың бағалы ақпарат көзі, оны таза әрі ұқыпты ұстау керек екендігі айтылып әңгіме жүргізілді.

Оқулықтармен қамту

1 сынып оқушыларының оқулықпен қамтылуы 100 %,

2-4 сынып - 100%, 5-9 сынып 100% сынып оқулықтарды сақтау рейді кітапханашы мен сынып жетекшілер тоқсанына бір рет оқулықты сақтау рейдін жүргізеді. Рейдтің қорытындысы кітапхана отырысында талқыланады. Оқулықтың сақталуы жайлы рейд жылына 2 рет өткізіледі. оқу жылының басында оқулық берілгенде, таза болуына мән беріліп мониторинг жасалынады. Оқу жылының

аяғында тексеріліп алынады. негізгі мониторинг сыныптар арасында және мектеп бойынша қорытындысы шығарылады.

Оқырмандармен жұмыс

Педагогикалық ұжымға, оқушыларға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

Бүгінгі күні мектеп кітапханасының жұмысы оқырмандардың өз білімін ары қарай дамытуға, кеңейтуге бағытталған. Кітапханашы мәдениет өрісінде орын таба білуге үйретеді, жүйелі оқу жүргізуге дағдыландырады, кең, жан-жақты ақпаратты іздеу әдістемесінің негізін береді.

Сынып жетекші, қазақ тілі мұғалімдерімен тығыз байланыста.

Мектеп оқушыларын кітапхана жұмысымен таныстыру, экскурсия өткізу.

Оқырмандар үшін конференция, көрмелер ұйымдастыру

Кітапхана жаңалықтарымен таныстырып отыру.

Жеке жұмыс

Кітапхана жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді;

Кітапханада жұмыс істеу ережелерімен таныстырады;

Ақпарат күндерін, библиографиялық шолу ұйымдастырылады;

Оқырман формулярын толтырып отыру;

Курс, семинарларға барып кәсіптік деңгейін арттырып отыру.

Оқулықтарды сақтау бойынша рейд өткізу;

Кітапхана жыл ішінде мұғалімдерге, сынып жетекшілерге сынып сағаттарына, әр – түрлі, іс - шараларға, пән апталықтарына, кітап көрмесі ұйымдастырылады көмек көрсетіліп тұрады.

Ата – аналармен жұмыс

Үш сөзден тұратын – отбасы, мектеп, кітапхана ол ХХІ ғасыр оқырманын қалыптастырады. Ата -аналар кітапхананың ұжымдық шығармашылық кештеріне белсенді қатысады. (Сыйлық акциясы, қалалаық үлкен кітап мерекелерінде). Осындай іс-шаралардың көмегімен отбасы арасында кітапқа, кітап оқуға деген сүйіспеншіліктері оянады.

Кітапхананың акцидентті элементтері: алфавиттік каталог, электронды каталог, оқу қорының картотекасы. Ақпараттық-энциклопедиялық: сөздіктер, пәндер бойынша мәлімет сөздіктері, балаларға арналған энциклопедиялар, оқулықтар, атластар.

Кітапхана келесі бағыттармен жұмыс жасайды:

- оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыз етуге байланысты, оқушылар мен педагогтардың өзін-өзі жетілдіру мақсатында ақпараттық қызмет көрсетеді;

- оқулықтарды ұқыпты пайдалануға, сақтауға, мәдени кітаптарды оқуға тәрбиелеу;

Кітапханада дәстүрлі картотекалармен бірге электрондық каталог жүргізулуде. Кітапхана кеңесі, кітапхана белсенділері құрылған.

Кітап қоры 1-9 сыныптарға арналған жаңа оқулықтармен, көркем әдебиет бюджет есебінен толықтырылады.

Кітапхананың материалдық- техникалық базасы

№	Аталуы	2023-2024 о.ж.	2024 -2025 о.ж.	2025 – 2026 о.ж.
1	Абонемент	1	1	1
2	Оқу залы	1	1	1
3	Кітап сақтау орны	1	1	1
4	Компьютер	1	1	1
5	Басқа техникалық құралдар	0	0	0

Жиһазбен жабдықталуы

№	Аталуы	2024-2025
1	Стеллаж	2
2	Үстел	1
3	Каталог	1
4	Шкаф	1

Мектеп кітапханасының мерзімдік басылымдарға жазылуы жыл сайын өсіп отыр. 2025- 2026 оқу жылында оқушыларды кітаптармен қамтамасыз ету 100 пайыз. Кітапханада өткізілетін іс - шараларға оқушылар қызығушылық танытады. Кітапхана қорын жаңа кітаптармен толықтыру.

Оқу-тәрбие жұмысы

2023-2024-2025 оқу жылы

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы келесі құжаттардан тұрады:

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
4. 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
7. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
8. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
10. ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
11. ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
12. 2023-2024 оқу жылында Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығын басшылыққа алып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының заңдары

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)
3. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)
4. Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)
5. Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)
8. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)
10. Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)
11. Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)
12. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)
13. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
14. Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы(1998)
15. Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың
16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы
17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)
18. АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)
19. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;
20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы “Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы” заңы;
21. “Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн” Ұлттық ақпараттық науқаны;
22. “Қауіпсіз мектеп” республикалық акциясы

23. Қазақстан Республикасының 04.07.2013 жылғы № 127 “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясын, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде азаматтықты және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жөніндегі мектептің іс-шаралар жоспары.

2025-2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысы «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес құрылады:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтиже:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық

ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген

немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының

құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде

қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа

да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары

күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

апта сайын

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды

- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

- «Қауіпсіздік сабағы» – мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен жұмыс жоспарына, мақсатты тақырыптарға сәйкес, салауатты өмір салты, құқықтық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін,

қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы енгізілді.

Баланың жетістігі - баланы әлеуметтендірудің қажетті шарты;

Оқушылардың жетістігі - оқушылардың психологиялық әл-ауқатының қажетті шарты және олардың денсаулығының негізі;

Оқушының жетістігі - әр түрлі қызмет түрлерінде (шығармашылықта, спортта, ғылымда және т. б.) білім алушының нақты жетістіктерінің нәтижесі.

Жетістік - білім алушылардың өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі тануының негізі. Тәрбие процесін қамтамасыз етудің негізгі құралдары:

- ата-аналармен жұмыс;
- сынып ұжымымен жұмыс;
- жалпымектептік ұжымдық - шығармашылық іс-шаралар;
- үйірме қызметі;
- спорттық-сауықтыру қызметі;
- мерекелер, концерттер, фестивальдер.

Тәрбие формаларын таңдау төмендегілерге негізделген:

- педагогикалық мақсаттылық;
- білім алушылардың жас ерекшеліктерін;
- балалар ұжымының даму ерекшеліктерін және оның дәстүрлерін талдау;
- тәрбиенің өңірлік компонентін есепке алу;
- мектептің техникалық және материалдық мүмкіндіктері;

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жетістіктері мен мәселелері *педагогикалық кеңес* отырысында үнемі қаралып отырады: Педагогикалық кеңестер балалардың адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытты ұйымдастыру және азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған сынып жетекшілерінің, білім беру процесінің барлық қатысушыларының жұмыс тәсілдерін, әдістері мен формаларын қолдану бойынша ұжымның жұмысын талдайды т. б.

Негізгі мақсат – өскелең жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларын бұлжытпай орындау және Ата заңымызды сыйлау рухында тәрбиелеу, мемлекет пен қоғам ісіне саналы түрде белсенділікпен қатысып, өз Отанын әрқашан қорғауға дайын болуға тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие құндылықтары мен әдіснамалық негізге ала отырып, Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебінің оқушыларын тәрбиелеуде ең алдымен оқушы бойына патриоттық тәрбие беруден басталады.

Бірнеше жыл ішінде мектепте қызықты, шығармашылық істер, оның негізгі компоненттері төңірегінде құрылған өзіндік білім беру *жүйесі қалыптасты*:

Қыркүйек – "Білім күні", "Қамқорлық" акциясы, "Денсаулық күні", жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары, Қазақстан халқының Тілдері күніне арналған апталық;

Қазан - "Мұғалімдер күні", "Өзін-өзі басқару күні", "Еңбек күні", "Мейірімділік күні, «Алаш азаматтарын ұлықтау айы»;

Қараша – "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық науқаны, "Бала құқығы-адам құқығы", "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!", «Поэзия»

Желтоқсан – «Қазақстан – ұлы дала елі»;

Қаңтар – «Жомарт жүрек», «Ұлттық код»;

Ақпан – «Оқуға құштар»,

Наурыз - "Алғыс айту күні", Халықаралық әйелдер күні, Азаматтық қорғаныс күні, «Ұлттық салт – дәстүрлерді» дәріптеу;

Сәуір - "Жасыл аула" эко-акциясы, «Экологиялық мәдениет»;

Мамыр - "Қазақстан халқының бірлігі күні", «Бейбітшілік пен татулық», Жеңіс мерекесіне арналған іс-шаралар, "Мектеп мақтанышы" салтанатты жиыны, "Соңғы қоңырау" мерекесі;

Маусым – «Балаларды қорғау күні», ҚР Мемлекеттік рәміздері күні, "Бітіру кеші".

Негізгі тәрбие жұмысының басты мақсаты: Оқушылар бойында өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыра отырып, елін, Отанын сүйуге және егемен елімізді сақтауға және оны гүлдендіруге құштар патриоттық күш – қуатты тәрбиелеу. Оқушылардың бойында адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Міндеттері:

1. Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік сервисті жетілдіру, сынып жетекшілер мен оқушыларды шығармашылық ізденіске ынталандыру;

2. Тәрбие жұмысын дамытудағы стратегиялық бағыттарды анықтау, тәрбие ұйымдастырушыларының қызметін үйлестіру;

3. Кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік серіктестікке қабілеті бар оқушы тұлғасының қалыптасуына, дамуына, өзін-өзі жүзеге асыруына және әлеуметтік бейімделуіне оптималды жағдайлар жасау.

Оқу жылының мектепшілік тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде құрастырылды. Жылдық жұмыс, жоспарға сай өткізілуде:

Білім беру жүйесі өзінің дамуында тәрбиенің негізгі принциптеріне сүйенеді:

- гуманизм, демократия, төзімділік, индивидуализм, орындылығы, үздіксіздік.

тәрбие жұмысы Біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес құрылды.

Қосымша. Тәрбие жоспары және есебі

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Оқу сабақтарын ұйымдастыру, сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысының негізгі формасы тәрбие жүйесінде тәрбиелік ықпалдар біртұтас оқу-тәрбие процесіне біріктірілген оқу кешеніне айналатын сабақ болып қала береді. Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда мектеп азаматтық-патриоттық тәрбие беру мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға жетекші рөл атқарады. Мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру бойынша іс – шаралар жоспарын әзірледі, оған "Тәрбие және білім" кіші бағдарламасының базалық бағыттары бойынша іс-шаралар кіреді, оған " Сананың ашықтығы", " Білімнің салтанат құруы ", " Прагматизм ", бағыттары кіреді.

"Тәуелсіз Қазақстанның рәміздері" сынып сағаттарында оларға құрметпен қарауға тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Мектептің фойесінде, бірінші қабатында ҚР Мемлекеттік рәміздері көрсетілген. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу үнемі басты назарда ұсталады. Мектептегі салтанатты жиындарда ҚР Әнұраны ойналып, оқушылар, ата-аналар, ұстаздар рәміздерді құрметтейді Рәміздер туралы апталықтарда тәрбие сағаттары, викториналық сұрақтар, лекциялар жүргізіледі. Мектеп ұжымына жалпыға құқықтық білім беру мақсатында ҚР Конституциялық заңы аясында «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы» атты зияткерлік сабақ өткізілді.

Жыл сайын мемлекеттік мерекелерді үлкен дайындықпен өткізеді. Әрбір жаңа оқу жылында 1 қыркүйек – Білім күні 1-9 сынып оқушыларына арналған «Алғашқы қоңырау» салтанаты және барлық сыныптарда алғашқы сабақ өткізіледі. білім алушылардың өз Отанына деген азаматтық, отаншылдық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуге, тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, туған өлкесінің табиғатына ұқыпты қарауға, қазіргі Қазақстанның жетістіктерін мақтан тұтуға ықпал етті.

Азаматтық және Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу педагогтердің сабақтарында, сынып сағаттарында, сыныптан тыс жұмыстарында көрініс табады.

Рухани адамгершілікке тәрбиелеу

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

1- қазан қарттар күніне арналған мерекелік бағдарлама, тәрбие сағаттары «Қарттарым-асыл қазынам!», 5 қазан – Мұғалімдер Күні Ұстаздар күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Онда жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып пен ұстаздарға сабақ беріп, «Ұстаз - аты, биік әрі мәңгілік» концерттік бағдарлама, өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды. Мерекелік ән шашуларын тарту етті. «8 наурыз – Халықаралық әйелдер» күні мерекесіне орай 7-наурыз күні мектебімізде «Ана- өмірдің тірегі» тақырыбында мерекелік концерт өтті.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

«Қазақстан –бақытымның ордасы» атты онлайн-экскурсия, мектеп кітапханашысы «Оқуға құштар» жобасы аясында - тақырыптық көрмелер, кітапханалық сағаттар және музейлерге саяхат өткізді. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Бір шаңырақ астында» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.

Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Ата-аналардың мектеппен байланысын күшейту.

Оқу жылында ата-аналармен «Отбасы –бақыт бесігі» атты іс-шара сонымен қатар тренинг ұйымдастырылды. «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» тақырыбында 5-9 сыныптардың ата-аналарымен жиналыс өткізілді.

Ата-аналардың мектеппен байланысын күшейту мақсатында "Даналық мектебі" клубы шеңберінде халқымыздың бойына ғасырлар сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі-өнеге алуға, қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекшелігін көрсету мен қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Тұмар» қыздар клубы ашылып, тренингтер, дөңгелек үстелдер, ұйыдастырылды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Аталмыш бағыт бойынша Облыстық «Экобум», «Шаңырақ» жобалары жүзеге асырылуда.

«ЖЖЖИ»- жас инспекторлар жасақтарының жұмысы жеке жоспар бойынша ұйымдастырылуда, «Қауіпсіз мектеп» Республикалық акция, «Абайлаңдар балалар» сурет сайыстары өткізілді.

Жас өрт сөндірушілер жұмысы жас құтқарушылар жұмысымен бірге атқарылуда.

Әр жыл айын орта буын оқушылар арасынан «Мектеп президентіне» сайланып отырды және Мектеп парламент мүшелері де сайланып өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жүргізілді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

«Қазақстан – алтын бесігім» атты мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері арасындағы сайыс өкізілді. «Менің қазақша ортам» атты ұлттық спорт сайысы ұйымдастырылды.

Тілдер апталығына сай 1-9 сыныптарға тәрбие сағаттары, зияткерлік ойындар, сайыстар ұйымдастырылды.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты:Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

«Жас Ұлан» мектеп комитетінің интеллектуалдық викториналар, рөлдік ойындары, тренингтері өткізілді.

Оқу жылының жалпыға бірдей білім беру заңына сәйкес мектебімізде құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстары бойынша қыркүйек айында біршама жұмыстар атқарылды. І тоқсанда 1 рет құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі өтілді.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы және көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы зерттелді. Жалпы мектебімізде әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан оқушылар жоқ.

Аудандық, мектепшілік, қатарлы тобында тұрған оқушылар анықталған жоқ. Мектепшілік есепте және әлеуметтік жағдайы төмен, жайсыз отбасында тәрбиеленетін оқушылар болған жоқ. Сынып жетекшілер оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, олармен жеке әңгіме жүргізу кезінде аса қиындықтар туғыза қоймады. Оқушыларға бақылау жүргізілуде. Осы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, оқушылардың тәрбиесімен сабақ үлгерімдері туралы ата-аналар жиналысын да жұмыстар жүргізілді. Психологпен бірлесіп мектептің сенім жәшігі орнатылды.

Ата-аналарға профилактикалық жұмыстар жүргізіп құқықбұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы айтылып ескертулер жасалынды. Бала тәрбиесімен жиі айналысу керектігі айтылып түсініктеме алынды.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша өткізілетін іс-шаралардың мақсаты: жан-жақты дамыған, жат қылықтарды жат көретін, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу.

Жарақаттардың алдын алу мақсатында «Тұрмыстық және жол жарақаттары профилактикасы» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, оқушыларға жадынамалар таратылды. Вирустық гепатит профилактикасы бойынша денсаулық бұрышы әзірленеді. Алкоголь ішімдіктердің зияны туралы парақшалар таратылады, «Ішімдікті ішкен, денсаулықтың түбіне жеткен» тақырыбында мұғалімдер оқушылармен әңгіме өткізеді.

Оқу жылының басында «Дені саудың – жаны сау» атты Денсаулық күні өткізілді. Оған қоса мектепте спорттық үйірмелер өз жұмысын жасауда. Мектепте футболдан жетістіктер жетерлік.

ЖИТС-пен күресу күні, Нашакорлық, темекі шегушілік, ішімдікке қарсы сауалнама, диктанттар алу ұйымдастырылды.

Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру олардың ерекшеліктерін (физикалық, интеллектуалдық, психологиялық) ескере отырып, барлық жас топтары бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды психологтың, сынып жетекшілерінің, аға тәлімгердің тікелей қатысуымен және мектепті бірлесіп басқару органының қатысуымен тәрбие жұмысына жетекшілік ететін директордың орынбасары басқарады.

Тәрбие жұмысы жалпы мектептік істерді ұйымдастыруда, сынып ұжымдарының өмірінде, қалада, ауданда және облыста өткізілетін түрлі акцияларға, жобаларға қатысуында, директор жанындағы кеңестерде, сынып жетекшілер отырыстарында, сынып жетекшілерінің ӘБ отырыстарында тәрбие қызметі мәселелерін талқылауда, түрлі сауалнамалар мен сауалнамалар жүргізуде іске асырылады.

Әр сынып сынып жетекшісінде мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген тәрбие жұмысының жоспары жасалды, онда тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері жалпы мектептегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарын қамтиды.

Қазіргі мектептегі тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі оқушының жеке басының әлеуметтік азаматтық және рухани дамуында үлкен маңызы бар ұлтаралық қатынастардың патриотизмі мен мәдениетін қалыптастыру. Басым жалпыұлттық патриоттық идея ретінде патриоттық жобалар пайдаланылады.

Тәрбие жұмысының дамуы көбінесе сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысының тиімділігіне байланысты.

Сынып жетекшілерінің ӘБ мақсаты: балаларда адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру үшін сынып жетекшісінің қызметіндегі тәрбие нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Тәрбие жоспарлары мен бағдарламалары жасалды, сынып жетекшілерінің жұмысы, сынып ұжымдарының қызметі құрылды. Сынып жетекшілерінің жұмыс жоспарына тәрбие міндеттерін шешуге ықпал ететін, тәрбие мен әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыратын нақты іс-шаралар енгізілген. Сынып жетекшілері жоспарланған педагогикалық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік

беретін заманауи білім беру технологияларын пайдаланады: тұлғаға бағытталған; білім алушылардың жеке басын өзін-өзі дамыту технологиясы; мәдениеттер диалогы және сыни ойлау технологиясы.

Тәрбие жұмысының жай күйі ӘБ сынып жетекшілерінің отырыстарында қаралады.

2024-2025 оқу жылына арналған Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспар құрылып, бекітілді. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

Жалпыға бірдей құқықтық оқыту

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңес құрылды.

Кеңес мақсаты: мектептің қараусыздық пен құқық бұзушылықтың алдын алу және білім алушылар арасында тәртіпті нығайту, кәмелетке толмағандардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жұмысын ұйымдастыру.

Кеңес мынадай алдын алу жөніндегі мәселелерді қарайды:

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың жай-күйін зерттеу және талдау, олардың алдын алуға бағытталған тәрбие және профилактикалық жұмыстың жай-күйі;
- мектепшілік есепте, аудандық есепте тұратын жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру;
- мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзатын білім алушыларды, девиантты мінез-құлқы бар білім алушыларды анықтау және мектепшілік есепке қою;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын ата-аналардың өз міндеттерін орындамауы бойынша сұрақтар;
- мектепшілік есепте, аудандық есепте тұратын оқушыларды спорттық секциялар мен үйірмелерге қатыстыруды ұйымдастыру.
- қолайсыз отбасылармен жұмысты жүзеге асыру (әңгімелер, учаскелік қызметкерлермен бірлескен әңгіме, даулы мәселелерді шешу, Тұрмыс жағдайының актілерін жасау);
- отырыстарда сынып жетекшілерінің қамқорлыққа алынғандар арасындағы қараусыз қалудың, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жұмысы туралы есептерін тыңдау ;
- Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметінің құқық бұзушылықты алдын алу жұмысының жағдайы туралы есептерін тыңдау. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырыстары әлеуметтік серіктестерді тарту арқылы жүргізілді. Оқу жылы ішінде 9 кеңес отырыстары (айына 1 рет) өткізіледі , онда 0 құқық бұзушылық қаралды. «Аққулы ауданы білім бөлімінің «Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ бойынша құқық бұзушылықтардың жай-күйіне Мониторинг келесідей:

Оқу жылы	Аудандық есепте тұрған жасөспірімдер саны.		Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың саны	
	I жартыжылдық	II жартыжылдық	I жартыжылдық	II жартыжылдық
2023-2024	0	0	0	0
2024-2025	0	0	0	0
2025-2026	0	0	0	0

Мектепшілік бақылауда тұрған барлық білім алушылармен жеке- жеке профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Жеке бақылау күнделіктері жүргізіледі. Осы білім алушылардың ата-аналарымен байланыс орнатылады.

Барлық кәмелетке толмағандар мәдени-бұқаралық, сыныптар мен мектептердің спорттық іс-шараларына тартылады, секцияларға қатысады.

Тәрбие ісінің меңгерушісі апта сайын сынып журналдарын қарап, сабақты жиі босататын оқушыларды анықтайды, ал сынып жетекші сабақты босату себептерін анықтайды.

Параметрлері/оқу жылы	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Үлгермеушілер саны	0	0	0
Келмеушілер саны	0	0	0
Тұрақсыз келушілер саны	0	0	0

Мектептің Аққулы ауданы полиция бөлімімен бірлескен жоспарының жүзеге асырылуы.

Жыл сайын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуы бойынша «Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ-нің Аққулы ауданы полиция бөлімімен бірлескен іс-шаралар жоспары жасалады.

Көрсеткіштердің тұрақтылығы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің, сынып жетекшілерінің, психологтың және мектептің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторының мақсатты жұмысы туралы айтады.

Оқудан жалтарған білім алушыларды анықтау, қаңғыбастық пен қайыр сұраудың жолын кесу, түнгі уақытта ойын-сауық орындарында, көп жиналатын орындарда балалар мен жасөспірімдердің болуына жол бермеу мақсатында рейдтер жүргізілді:

Үш жылдағы рейдтер саны

Оқу жылы	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Рейдтер	5	5	5

Спорттық бағыттағы үйірмелер

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту мақсатында мектепте спорт секциялары өткізіледі. Секциялар мектепте өткізіледі. Мектеп командасы аудандық және облыстық спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Дәстүрлі мектептен тыс спорттық іс-шаралар, мектепшілік спорттық жарыстар: спорттық жарыстар, денсаулық күндері, президенттік тесттер, эстафеталар, оқу жылы аяқталғаннан кейін спортакиадалар өткізіледі. Мектеп оқушылары мен жаттықтырушылары шахмат, футбол, ұлттық ойындар, қазақша күрес және басқа спорттық секциялар бойынша аудандық, мектепшілік жарыстарға қатысты.

Секциялар атауы		2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Шахмат	9	12	9
2	Асық ату	10	9	12
3	Тоғызқұмалақ	10	9	8
Оқушыларды қамту %		100%	100%	100%

Секциялар мектеп директоры бекіткен кесте бойынша өткізіледі. Спорттық секциялардағы жұмыстың негізгі нысаны оқу топтарындағы оқу жаттығу сабақтары, жарыстарға қатысу болып табылады.

Спорт секцияларының жетекшілері балалардың шығармашылық белсенділігін дараландыруға және қалыптастыруға көп көңіл бөле отырып, заманауи технологияларды қолданады.

Тәрбие жұмысындағы жетістіктер

Жылы		Атауы	Аты-жөні	Орын
1	2023	«Балалар жылы» аясында аудандық «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының іріктеу слетінде «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ ұрпақ» тақырыбында үгіт бригадалар сайысы бойынша	Мектеп командасы	2 орын
	2023	Аққулы ауданының әдістеме кабинетінің жоспарына сәйкес бүгін «Жасқыран KIDS» облыстық жоба аясында жасқырандықтар үшін «Мен мейірімді болуды үйренемін!» іріктеу кезеңінің аудандық байқау нәтижесінде:	Амангелді Кәусәр	3 орын
2023	2023	Аққулы ауданы білім бөлімі жұмысының жоспарына сәйкес “Жас Ұлан” ББЖҰ көшбасшылары арасында “Үздік Ұлан-2023” Қыранбасшы аудандық байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша «Талантты Қыранбасшы» номинациясы бойынша «Үздік портфолио» номинациясы бойынша	Амангелді Кәусәр Темирова Айсана марапатталды.	номинация
2023	2023	«Ұлы Жеңіс» ІІІ қашықтық байқауында «Ұлы Отан соғысына қатысушының өмір жолы» номинациясы бойынша	Талап Айсұлу	2 орын
	2023	Аққулы ауданының білім бөлімі әдістеме кабинетінің жоспарына сәйкес «Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестивалі өткізілді. «Композициялық шешім»	Мектеп командасы	номинация
	2023	25-қазан Республика күніне орай аудандық «ШАБЫТ» балалар шығармашылық байқауында «Мың бұралған билер-ай» номинациясы бойынша	Мектеп командасы	2 орын
	2023	«Менің кіші Отаным» жас тарихшылар республикалық зияткерлік конкурсының аудандық кезеңінде	Темирова Айсана	3 орын
	2023	«Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль байқауының аудандық кезеңінде «Қуыршақ қойылымы» алғаны үшін	Мектеп командасы	3 орын
	2023	Аққулы ауданының білім бөлімі әдістеме кабинетінің жоспарына сәйкес «Bala Business» іріктеу кезеңінде «Жас бизнесмен» номинациясы бойынша ие болаған	Амангелді Кәусәр	номинация
	2023	Білім бөлімі әдістеме кабинетінің жоспарына сәйкес «Bala business» аудандық байқауының қатысушылары – жас бизнесмендер ERTIS TV телестудиясына сұхбат беруге сапарға шықты. Амангелді Кәусәр, Қазантай негізгі мектебінің оқушысы қуыршақ театрға арналған фетрдан ойыншықтар тікті. Облыстық «Bala Business» жобасына белсенді қатысқаны үшін Амангелді Кәусәрға сертификат берілді.	Амангелді Кәусәр	сертификат
2	2023	ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері, Аққулы ауданының құрметті азаматы Оразалинов Нұрлан Қабыкенұлының жүлдесіне арналған еркін күрестен 2007-2009, 2010 жылы туған және төмен жастағы жасөспірімдер ұлдар арасында Аққулы ауданының ашық біріншілігінде	Мурсалимов Дамир, Мурсалимов Аслан	2 орын Зорын

2023	Аудандық «Ұлттық Мектеп Лигасы» спартакиадасының II кезеңі аясында «Асық ату» бойынша өткен жарыста III орын иеленгені үшін 6 сынып оқушылары	Мектеп командасы	3 орын
2023	Қазақстан балалар жылына орай Павлодар облысы жасөспірімдер спорт мектебінің еркін күрестен ашық біршілігінде 29 келі салмақ дәрежесінде	Мурсалимов Аслан	3 орын
2023	5-6 сыныптар арасында шағын футболдан «Ұлттық мектеп лига» спартакиадасының 2 кезеңінің аудандық жарысында ұлдар командасы	Мектеп командасы	2 орын
2023	«Балбөбек» шағын орталығы «Ана, әже және мен» байқауының қатысушысы	Қабидолла Баянсұлу	2 орын
2023	Балалар жылы аясында 25 - қазан Республика күніне орай «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнері бойынша балалар шығармашылығының аудандық көркем-байқауының іріктеу кезеңінде «Тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, батик, киіз басу, құрақ пластикасы» бағыты бойынша «Шыныны көркемдеп өңдеу: витраж» бағыты бойынша «Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау» бағыты бойынша	Фларитқызы Диляра Бауыржан Диляра Мухамаденова Альбина	1 орын
2023	Мектепке дейінгі балалар шығармашылығының XXIII аудандық «Бүлдіршін» фестивалінде көркем сөз жанры бойынша	Кисанова Айтолқын	3 орын
2023	Мектепке дейінгі балалар шығармашылығының XXIII аудандық «Бүлдіршін» фестивалінде хореография жанры бойынша	Мектеп командасы	3 орын
2023	«ТУҒАН ЖЕР» этнофестиваль байқауының аудандық кезеңінде «Ұлттық тағамдар» номинациясы бойынша	Мектеп командасы	1 орын
2024	«Алтын қазына-2025» аудандық көрме байқауының «Тоқыма бұйымдары» секциясы бойынша	Бельгибаева Арайлым	1 орын
2024	«Туған жер» этнофестивалінде «Ұлттар әні» номинациясы бойынша	Мектеп командасы	3 орын
2024	«Туған жер» этнофестивалінде «Ұлттар таныстыруы» номинациясы бойынша	Мектеп командасы	3 орын
2024	Аудандық футбол жарысынан	Мектеп командасы	3 орын
2024	«Алтын қазына-2025» аудандық көрме байқауының «Тоқыма бұйымдары секциясы бойынша	Мухамаденова Жансая	2 орын
2024	«Кітап әлемінің шеберлері» аудандық конкурсының «Талапты оқырман» номинация иегері. «Ұшқыр идея» номинация иегерлері.	Абылайхан Нарғыз Жанболат Аяулы Кисанов Нургельды	номинация

Мектептің психологиялық қызметі

2023-2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»

Мектепте оқушылардың психикалық-психологиялық денсаулығына, олардың әлеуметтенуіне және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында психологиялық қызмет жұмыс істейді.

Мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік-психо-педагогикалық ерекшеліктерін ескеріп және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілігімен қызығушылығын байқап, қиындығы мен проблемалар кезеңінде қолдау көрсету. Сондай-ақ мұғалімдермен, ата-аналармен жұмыс жасау. Оқушылар арасындағы буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа, ментальды денсаулыққа дер кезінде психологиялық көмек көрсету. Әлеуметтік байланысты қалпына келтіру үшін қалпына келтіру технологияларын қолдана отырып, қақтығыстық жағдайларды шешуде бітімгерлік көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- Әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке базы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Жүйеде алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілді:

Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі КММ педагог-психологының жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы негізгі құжаттарына негізделген:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (24.11.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (02.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (01.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (01.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен);
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Барлық психодиагностикалық жұмыстар жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Психодиагностика нәтижелерімен ата-аналар (ата-аналар жиналысында және топтық және жеке консультациялар барысында) және мұғалімдер таныстырылды.

Психодиагностика бағыты бойынша мектепалды даярлық және 1 сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында «Менің мектебім» тестісі, мектепке деген мотивациясы, «Баспалдақ», «Кактус» тестері алынып, нәтижесі шығарылып қорытынды жасалынды.

Бастауыш сыныптан орта буынға өткен оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтауға байланысты 5 сынып оқушыларының орта буынға ауысуы, бейімделуі, мектептегі алаңдаушылық деңгейін анықтау (Филлипс), «Социометрия», «Басса-Дарки», өзін-өзі бағалау, 9-сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын анықтау Климов әдісі және Йовайши әдісі алынды. 2-8

сыныптарынан өзін өзі бағалауын анықтау әдістемелері, алынды. Осы диагностикалық жұмыстардың барлығы жоспар бойынша өткізілді, нәтижесі өңделіп, қолдау жұмыстары жүргізілді.

Қобалжу, депрессия, агрессия, аутодеструктивті мінез –құлықты анықтау мақсатында 9- сынып оқушыларынан Айзенк тестісі, Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті 5-7 сынып, 5-9 сынып оқушыларынан Басса –Дарки эмоциялық тестісі алынды.

Жалпы мектеп бойынша өткізілген диагностикалардың салыстырмалы талдауы

Оқу жылы	«Филлипс»	«Басса Дарки»
2023-24	8,4%	3%
2024-25	4,1%	4%

«Өзін-өзі бағалау» Казанцева жалпы мектеп бойынша

Оқу жылы	Жоғары	Орта	төмен
2023-24	5%	18%	8,2%
2024-25	6%	21%	9,1%

5-сыныптан алынған диагностикалар көрсеткіші

5-сынып	Социометрия	Лусканов	Казанцева өзін-өзі бағалау	Басса Дарки
2023-24	Шектеулі бала-0	5 %-жоғары 20%-орта 8 %-көзқарасы дұрыс	Жоғары-15% Орта-10% Төмен-2%	3 %-агрессия күйі төмен
2024-25	Шектеулі бала-0	7%-жоғары 25%-орта 17%-көзқарасы дұрыс	Орта 25% Жоғары 75%	3 %- агрессия сынып бойынша төмен

Психологиялық түзету бағыты бойынша 1-ші сыныпта білім алушының мектепке бейімделу деңгейін арттыруға бағытталған түзету-дамыту бағдарламасы, «Мектеп ережелерінің қағидасы» 4-тренинг сабақ , есте сақтау, зейінді шоғырландыру психологиялық жаттығулары.

2023-24 ож

Айлары	Тренинг саны	Сыныбы	Тақырыбы
Қыркүйек	4	1,5 8-9-сыныптар	«Мектеп қағидалары» ереже ойыны «Алақай, 5-сынып оқимыз» «Менің және өзіме деген сенімділігім» «Мен ғажайыппын»
Қазан	3	1,5-сынып 6-7-сынып 5-6-с	«Ғажайыптар елінде» «Дос болайық бәріміз» «Зорлық -зомбылыққа жол жоқ»
Қараша	2	5-7-сыныптар 2-4-сыныптар	«Менің эмоцияларым» «Үзілістегі қызықты жаттығулар»
Қаңтар	4	7-8-9-с 5-6- с 7-8-9- с 7-8-9с	«Мен өмірді сүйемін» «Қызым саған айтам» «Қыз қылығы нәзіктік» «Достық түсті талғамайды»
Ақпан	4	7-9-с 7-с 8-9-с	«Күйзеліске жол жоқ» «Мен және менің эмоцияларым, реніштен қалай құтылам» «Дос болайық бәріміз» «Мен өмірді сүйемін»
Наурыз	3	9-с	«Тұлғаның өзіне деген сенімділігін

		4-с 6-7-8-с	арттыру» «Достық татулықтан басталады» «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ»
Сәуір-мамыр		9-с 8-9-с	"Табысқа апарар жол" Кәсіптік бағдар беру ойындары, тренингтер

2024-25 ож

Айлары	Тренинг саны	Сыныбы	Тақырыбы
Қараша	2	5-7-сыныптар 2-4-сыныптар	«Менің эмоцияларым» «Үзілістегі қызықты жаттығулар»
Қаңтар	4	7-8-9-с 5-6-с 7-8-с 7-8-9с	«Мен өмірді сүйемін» «Қызым саған айтам» «Қыз қылығы нәзіктік» «Достық түсті талғамайды»
Ақпан	4	7-9-с 7-с 8-9-с	«Күйзеліске жол жоқ» «Мен және менің эмоцияларым, реніштен қалай құтылам» «Дос болайық бәріміз» «Мен өмірді сүйемін»
Наурыз	3	9-с 4-с 6-7-8-с	«Мамандық өмір таңдауы» «Тұлғаның өзіне деген сенімділігін арттыру» «Достық татулықтан басталады» «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ»
Сәуір-мамыр		9-сынып	"Табысқа апарар жол" Кәсіптік бағдар беру ойындары, тренингтер" Кім болу керек?"

2025-2026 оқу жылы

Айлары	Тренинг саны	Сыныбы	Тақырыбы
Қыркүйек	2	5-сынып	«Алақай, 5-сынып оқимыз» «Достық-қарым- қатынас көпірі»
	1	6-7-сыныптар	«Менің және өзіме деген сенімділігім» Досболlike шарасы аясында
	1	8-сынып	« Мен ғажайыппын»

Психопрофилактика және ағарту бағыты бойынша «Мектеп және ата-ана» психологиялық қызметпен таныстыру, «Бірінші және бесінші сыныптардың бейімделуі»,
5-9 сынып оқушыларымен « Қыз балаларға» арналған ағартушылық жұмыстары, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»(ата-аналар, мұғалімдер), «Балалар буллинг және кибербуллингтен қалай қорғанамыз?» 1-9 сынып , «Қауіпсіздік туралы әңгімелесейік: буллинг және кибербуллинг»» (Ата-аналар, мұғалімдер), «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» 5-9 сыныптар, «Құқықбұзушылық туралы білесің бе?»5-9 сыныптар, «Құқықбұзушылық түрлері және ата-ананың жауапкершілігі» баяндама

ата-аналарға, «Жасөспірім аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» 5-9 сыныптарға баяндама оқылды, «Желідегі қауіпсіздік» 5-9 сынып оқушыларымен презентация көрсетілді, «Интернеттің пайдасы мен зияны» 5-9 сыныптың ата-аналарына презентация көрсетіліп, барлық іс-шаралар өткізілді.

2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

Жұмыстың тақырыбы	Формасы	Мерзімі
Балалар мен жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігі /вейп/	Дәріс ата-аналармен 1-9-с	Қыркүйек
«Отбасы тәрбиесі»жиналыс ,келісім	Тренинг «отбасы тәрбиесі» 1-9-с	Қыркүйек
«Бірінші сынып оқушылары ата-аналарына психологиялық көмек»	Жиналыс 1-сынып	Қазан
Ата-аналар жиналысы: «Бейімделу кезеңіндегі баланың мінез құлқындағы ерекшеліктері» (1,5 ата-аналар жиналысы)	Дәріс 5-сы	қазан
«Балалардың мамандық таңдауында отбасының рөлі»	Баяндама ипрезентация 9-с	Қараша
«Зорлық -зомбылықсыз балалық шақ	Баяндама /онлайн/	Қараша
«Қауіпсіздік туралы әңгімелесейік: буллинг және киббербуллинг»	Дәріс,тренинг	Қазан,сәуір
Буллинг пен киббербуллингтің алдын алу және интернет кеңістіктегі қарым-қатынас ережелері	Дәріс	Сәуір

2024-2025 оқу жылы

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мектепшілік жоспарына сәйкес психологтың атқарған іс-шаралары:

Қараша: «Қолайлы отбасылық климатты сақтау» бастауыш сынып ата-аналарымен

Желтоқсан: «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» 9-сынып ата-аналарымен.

Мақсаты: ата-аналарға балағы мамандық таңдауға кеңес беру, әмамандық» құндылығы туралы түсінік сферасын кеңейту

Желтоқсан: «Когнитивті әл-ауқат»бастауыш сынып ата-аналарымен

Қаңтар: «Құмарлыққа бой алдыру-тәуелділіктің құрдымы.» 9-сынып әкелерімен іс шара

Мақсаты:ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру.

Ақпан: «Бұлақ көрсең көзін аш» 5-9 сынып ата-аналары

Сәуір «Күйзелістен шығар жол» 9-сынып ата-аналарымен .

Мақсаты:ата-ананың күйзеліске қарсы тұру және осындай көмек көрсету қабілетін қалыптастыру.

Маусым: «Балажан: ата-аналардың еріктілігі» педагогикалық қолдау орталығына қатысатын ата-аналармен жұмыс.

2023-2024-2025 ож

«Өнегелі 15» минут шарасының аясында «Орта буында кездесетін жасөспірім мінез-құлқы»5-сынып ата-аналарымен сұхбат, «Болашаққа бағдар» мамандық таңдауда кездесетін қиындықтар алдын алу» 9-сынып ата-аналарымен мектеп түлектерінің мінез-құлықтары туралы сұхбат, 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуіндегі кездесетін қиындықтар алдын алу 1-сынып ата-

аналарымен сұхбат жүргізілді. Жалпымектепшілік ата-аналар жиналысында «Жасөспірімдер қауіпсіздігі» туралы айтылып, тренинг өткізілді.

Психологиялық кеңес беру бағыты бойынша ата-аналарға, оқушыларға, мұғалімдерге топтық, жеке кеңестер өзінен, шақыртумен оқу жылы бойы берілді. Сонымен қатар тақырыптық кеңестер берілді, жаднамалар таратылды.

Оқушылардың өзіндік кәсіптік таңдауына психологиялық түрде қалыптасуға баулу, мамандық таңдауға жәрдемдесу. Жасөспірімдерге өзіндік кәсіптік таңдауға көмек көрсетті, жеке тұлғаның ерекшеліктерін ұзақ уақыт бақылау арқылы оқушының қай бағытқа бейім екендігі, мақсатты бағыттылыққа жетекшілік ету. Көбіне оқушының бойындағы қандай кәсіпке бейімділігі бар екендігін анықтау ғана емес оқушы бойындағы жекелік сапанының дамуы, өзін тәрбиелеуі мен оқушының практикаға психологиялық түрде дайындығын анықтау. «Жасөспірімдегі аутодеструктивті мінез-құлықтың себептері мен ерекшеліктері» тақырыбында педагогтарға кеңестік көмек берілді. Сонымен қатар жас мамандарға кеңес берілді. Педагогтарға және ата-аналарға «Үлгерімі төмен балалармен жұмыстың психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында кеңестер берілді.

7-9 сынып оқушыларына «Өз қорқынышыңды қалай жеңуге болады?» психологиялық кеңес берілді: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, жағымды қарым-қатынас орнату «Балаңызға он жылы сөз» психологиялық кеңес беріліп жадынамалар таратылды.

Осылайша, мектептің психологиялық қызметі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық дамуына барынша көмек көрсетуді, психологиялық денсаулығын сақтауды және оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асырады.

Қорытынды

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Акқулы ауданы білім беру бөлімінің «Қазантай негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құжаттар: Жарғы, «Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтамасыз», рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия (қосымшасымен), оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талондар бар.

Білім беру ұйымының 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының сараптамасы жан-жақты, толық.

МЖМБС бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша 4-9 сыныптардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелеріне бағалау компьютерлік форматта оффлайн түрінде жүргізілді. Бағалауға уәкілетті органнан лауазымды тұлға қатысты. 4 сыныпта барлығы 3 оқушы, нәтижелерін бағалауға 3 оқушы да қатысты. Математика мен оқыту тілі бойынша 15 сұрақтан құрылған тест тапсырмасы болды. Максималды балл 30. Қорытынды бойынша орташа 17 балл.

9 сыныпта барлығы 2 оқушы, нәтижелерін бағалауға 2 оқушы да қатысты. Математика мен оқыту тілі, физика пәндері бойынша 20 сұрақтан құрылған тест тапсырмалары болды. Максималды балл 60. Қорытынды бойынша орташа 32 балл.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен (ҚР Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы) бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 2 тарауының 9 пункті негізінде көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан кемінде 40%-дан төмен білім алушылардың «қанағаттанарлықсыз» деген бағадан төмен жауап бергені білім беру ұйымымен айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келмеді деп есептеледі.

Оқу нәтижелерін бағалау кезінде білім алушыларға өз білімдері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасалды. Тесттік бақылау білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған бақылаушының қатысуымен жүзеге асырылды.

Комиссия төрайымы:

Комиссия төрайымының орынбасары:

Комиссия мүшелері:



Осумханова Батжан Молдағалиевна

Майдолда Жанар

Ахметбаева Жүзім Ерлановна

Қарабабай Ақгүл Еркебұланқызы

Жеңіртөва Балқан Жақиевна

Толтегенова Данагуль Бекетовна

Тоуова Диана Сериковна

Карабашаева Динара Флоритовна

Нурахметова Азжаркын Алматовна

Сыздыкова Алмагуль Танирбергеновна

Сыздыкова Гульзия Турганбаевна